

84 (БҚаз-4 Пав) Қаз7

Б 31

*Сүлеймен Баязитов*



**ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ  
БІР АЛЛА**

ББК 86.38

Б 31

Баязитов С.

Б 31 Құдіреті күшті бір Алла. – Павлодар, 2004. – 76 бет.

Жазушының бұл жинағына ауыл адамдарының дінге көзқарасы, қатысы туралы деректі әңгімелері, өлендері енгізілген.

Сонымен қатар «Сақалымда май жоқ па?» атты бөлімде ауыл тұрғындарының қызғылықты өмір тіршілігі жарасымды қамтылған. Жинаққа енгізіліп отырған шығармалардың біразы кезінде облыстық «Сарыарқа самалы», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ара», «Жұлдыз» журналдарында жарияланған. Шығарма оқырмандарынан оң бағасын алады деген сенімдеміз.

*Нағым!*

*марқын ісі ердің жерінде,  
ақын, мұрагердің қаласына  
бақпа дер. маған масада,*

Б 0403000000  
00(05) – 04

*масалар маңының –  
шарық алағай  
нағым.*

ISBN 9965-947-2-2

*С. Балшы*

## Ақын мінажаты

Ақын Сүлеймен Баязитов 1944 жылы Баянауыл ауданы Ж.Шанин атындағы кеншарда дүниеге келген. Мал дәрігерлік техникумын, кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін сырттай оқып бітірген. Өлеңдері, повестері, сатиралық шығармалары «Жұлдыз», «Жалын», «Сарыарқа», «Ара», «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналдарында, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында жарық көрді. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Алғашқы «Бастау» деп аталатын өлеңдер жинағы «Жалын» баспасынан шықты. Ақынның «Тамыздағы тамық», «Картада жоқ қала» т.б. повестері мен «Арылу», «Көлеңке» атты әңгімелері көпшілік оқырманға таныс дүниелер. 2004 жылы «Жасыбай батыр» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы жарық көрді. «Құдыреті күшті бір Алла» атты жинақтың 1 бөлімі құдыретті күшті бір Аллаға табыну, табиғаттың тылсым сырларына байланысты өлеңдер мен әңгімелерден тұрады. Әр жылдарда жазылған арнау өлеңдер 2 бөлімде жөне «Сақалымда май жоқпа?» атты, кезінде облыстық «Сарыарқа самалы», Республикалық «Қазақ әдебиеті» басылымдарында жарық көрген шағын әңгімелері 3 бөлімді құрайды. «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр» секілді халық ауыз әдебиеті нұсқаларын, дастандарды, талай діни аңыздарды тоғілге әңгімелейтін әр нәрсені байқағыш аталарының асыл қасиеттерін жастайынан санаға түйіп, бойға жиган сезімтал ақынның Жаратушы бір Алланың әр хикметін ризашылықпен қабылдайтынын байқайсың. Шығармаларында Алланың ақ жолынан жаңымау ниеті, адамдар арасындағы әр жағдайда кездесетін жақсы да жаман мінез-қасиеттерді, адамдардың қуанышы мен кайғысын байқап, сезіп, қабылдауы көрініс тапқан. Өмірден озған небір аға буын азаматтардың адамгершілік қасиеттерін, олардың елге, жерге, өмірге деген махаббатын танып, ұғынуы – тағдырлар арқылы тектіні-тасырлан, қиқымды-асылдан қалай айыра білуді үйренгені баяндалған.





Жас ақын, жазушылардың республикалық - аймақтық кеңесіне қатысушылардың бір тобы. Ортада белгін ақындар Қ.Бекхожин, Ж.Өмірбеков, Ә.Нілібаев. Сол жақта (бірінші) С.Баязитов, төртінші тұрған ақын Т.Мұқаев, алдыңғы қатарда Г.Дурманова.

Шағын дәулет пен аз мұраны қанағат қылған ақынның көп ізденуі, тереңге үңілуі - таптырмас қасиет.

Не десең де

Тылсым сыр ашылмаған,

Көрінеді көп жайдан басым маған.

Іздеп жүрген қазынам өленім бе?

Жазылмаған, сонан соң басылмаған.

Жыр шаңуым жұртыма шашылмаған ...

Неге үнеісің, мәңгі жас жасыл ғалам, -

деп өзі жазғандай жиган қазынасын жыр шашу ғып халқына ұсынып отырған ақын Сүлеймен Баязитовтың бұл жинағы оқырман жүрегіне жол табады деп сенеміз.

*Хамитова Марван Арынқызы,  
Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер  
музейінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі*

## ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ БІР АЛЛА

### Өліп, тірілген ... кемпір

...Шаруасын ұршықша үйіріп, атша шауып жүрген Асқап әже аяқ астынан мұрттай ұшып ауырып, төсек тартып қалды. Күн өткен сайын дерті меңдеп, күні ертең-ақ «ауырып тұрдың, аунап тұрдың» демекші, тәуір болып кетер деген үміттің нәзік қылы әне-міне үзілуге шақ еді.

Шешелерінің халі күннен-күнге нашарлап бара жатқанын көрген Сәбит пен Мүрсәлім ағайындарымен ақылдаса келіп, дем салып, жеңілдік айтып отыруға Бәйез молданы алдыртқан. Оған бір аптаның жүзі өткен. Бұл кезде ала танды кірпік ілмей, аласұрып атыратын Асқап әже тамақтан да қалған еді. Әне-міне деп отырған күндердің бірінде Сәбит Бәйезге:

- Бәйеке, Баязит молданы да алдыртсам қайтеді, молда көптік етпейді ғой, - деп қалған.
- Оның жөн екен, - деген Бәйез.

Тіл-ауыздан қалып, ықылық атқан шешелерінің жан-тәсілім қылар сәті жақындағанын іштей түсінген Әкіжай әулеті мұндайда еріктен тыс айтылатын «қидық» деген салқын сөзді көкіректері қарс айрылып отырып қайталау үстінде еді. Есіктен келіп кірген Баязитке еріндерін жыбырлатып есендік мезіретін жасаған. Отырғандардың бірі ысырылып орын берген. Баязит бірден сырқаттың тамырын ұстап, жүрек соғысын анықтауға әрекеттенген.

Бәйез жақ жаппай жеңілдік айтуда. Сырқаттың қан тамырының білінер-білінбес соғысы, қалың мұздың астын болар-болмас кеулеп, бұлк-бұлк етіп, сыздықтап аққан бұлақ суын еске салатындай. Сол болар-болмас бұлк-бұлк еткен қан ағысы бұл сәтте тіпті кібіртіктеп үзілуге шақ еді.

Тек кейуананың қуанышы да, кейісі де жыртылып айрылған сұм өмірді, одан да бұрын артында улардай шулап «жетім» қалып бара жатқан ұрпақтарын қия алмай тор ішіндегі жаралы арыстанша арпалысқан жүрегі бір сәтке кібіртіктеп, ырғағынан сәл-пәл жаңылса да, лүп-лүп соғуын әлі түбегейлі тоқтатпаған.

Бұл Баязиттің сенімін сәл де болсын қанаттандыра түскен. Содан да болар Бәйез молда:

- Марқұмның бетін жабындар, көзі ашық қалмасын, өтіп кетті, - дегенде.

- Бәйеке, тірі адамның ... қайтыс болмай бетін жабындар, - дегеніңіз не, - деп шок басқандай шошынып, шыр ете қалған.

Тек... Бәйез де, өзгелер де мұның сөзін естісе де естімеген сыңай танытты.

Марқұмды келесі бөлмеге шығарып, дәрет алдыртып, оң жаққа салғызып оралған Бәйездің көзі манағы орнында екі бүктетіліп әлі де бір терең ой үстінде отырған Баязитке түскен.

Оның есіне сол сәтте әлдекімдердің «осы Баязиттің білімі сізден басым сияқты ма? Қирағаты ерекше әсем енді. Ертеде молдалық құрып, ел ішінде бірнеше жыл бала оқытыпты» деседі ғой, - деп қаңқулайтыны оралған. Солардың кейбірінің Баязитке «молда болуға сіз лайықсыз, біліміңіз де, қирағатыңыз да, тіпті пішінінің де әбден келіп тұр», - дейтіндерін бұл жақсы білетін.

Тек күні бүгінге дейін ол да, бұл да жұрттын қаңқу сөзін естімеген, естісе де елемеген сыңай танытатын. Жұрт көзінше діни тақырыптарға тереңдеп, айтыс-тартыс танытуға екеуі де аса ықыласты емес еді.

Ол колхоздың қойын бағып, бұл қой фермасының санитары болып күн кешумен келеді. Қой баққан Баязитке қарағанда, мұның жаны тыныш, қолы бостау. Ел ішіндегі олім-жітімге де оған қарағанда бұл жиі жүреді.

Сәбит шақыртып, хабар салмағанда оның бүгін мұнда келе қоюы да екіталай еді. Былайғы кейбіреулердің «Сізден гөрі білімдірек» дейтін, Сәбиттің қой шегінен «ат шаптырып, арнайы шақыртып алдыртқан Баязитінің» күн жаумай су болып, жүні жығылып, еңсесі түсіп, есі кетіп, екі бүктеліп отырғаны мынау. Мана ет қызуымен елеуреп, өлген кемпірді «өлген жоқ, бетін жаппандар» деп шырпыры шыққанын ертең ел еститінін бұл бейбақ білмейді дейсің бе? Масқара-ай... Абыройдан жүрдай болды деген осы емес пе? Езуіне ащы мысқыл үйірген ол, әлдене дегісі келіп, бұған тіктей қараған.

Оның бұл сәтте күн қақты қара-қошқыл қатаң жүзі біршама жылып, үнемі ұйқысы қанбағандықтан кірбиіп, қанталап жүретін қос жанары ұшқын шашып, онсыз да қызыл шырайлы жүзі ерекше алаулап, қаны тамып тұрғандай еді, әлденеге мәз сияқты... Мұның масқара болып отырып ... мәз болғаны қалай? Жоқ ...әлде байғұстың есі... олай да болуы мүмкін ғой. Ойы тығырыққа тірелген ол енді Баязиттің әр кимыл, қозғалысына зер салып, іштей аңтарылып отырып қалған.

Бұл сәтте айнала төңірегінде болып жатқан жайларды есінен бір сәт шығарып, ой тұнығына шым батқан Баязиттің қиялы аспан мен жерге кезек дамылдап тыным таппай қиырларды кезіп кеткендей еді. Көз алдына балалық шағы, өзіне қара танытып, қатарға қосып, молда атандырған Пұшық молда елестеген. Оның Құран сүрелерінен бөлек шипагерлік дәрісі мен қатар тамыр ұстауға баулып, «Сырқаттың қан тамырының соғысын аңды, қан тамыры әлсіз болса да соғып тұрса, онда сырқаттан үмітіңді үзбе» дейтіні ойына оралған. Тіпті, үні құлағына келіп тұрғандай көрінген.

Ұстазының баяғыда ұмыт болған ескертпесінің аяқ астынан санасында жаңғыра жөнелгеніне таң-тамаша қала отырып, ол «опыр-ау сонда... сонда... Асқап...» Осы сәт

құлағының түбінен молданың солқылдақ шыбығының ауаны тіле ысылдаған зәрлі үні естілгендей болған. Бұл оның Асқап туралы ойын еріксіз бөлген. Ендігі бір сәтте «Асықпа, сабыр, сабыр сақта. Алла жазса ... білесің» деген ұстазының үні сонадай ысылдап мазаны ала бастаған шыбық үнін көміп кеткен.

- Қасиетіңнен айналайын-ай, «Асықпа, сабыр сақта. Алла жазса бәрін білесің» деген сөзді үнемі қайталай беруші еді. Осы ескертпе оның шәкірттеріне айтқан өсиеті ме екен? Ұстазы көз алдына елестеп, ұлағатты кеңесі құлағына келгендей болған ол бір сәтке езілген еңсесін тіктеген, жүзіне күлкі үйірілген.

Бұлар отырған бөлмеге есіктен самбырлай сөйлеп кірген Сәбит: «жан-жақтағы ауылдарға хабар салдым, қабыршылар жиналып та қалар, содан соң райкомға «Большевик» колхозының қой фермасының менгерушісі Сәбит Әкіжаевтың шешесі қайтыс болды, жаназасы жұма күні, - деп хабарлаттым», - деді даусын көтере сөйлеп.

Ауыз үй жақтағы әйелдерге «шай жасаңдар» деп бұлардың қасына келіп жайғасқан. Сол сәт көрші бөлмеде әлде не құлап түскендей болған.

- Шәкира, сүт әкел. Қане, шайға жақынданыңдар, - деген Әсия.

Көрші бөлмеге сүт әкелуге барған Шәкира екі көзі шарасынан шығып, өңі қашып бұлар отырған бөлмеге еңтіге басып, екпіндей кірген.

- Не болды? - десін үрпийсе қалған жұрттың сұраулы жүзі сабасына түсірген болар, ол әлден соң «ойбай, апам...апам», - деп артына жалтақтай қарап, үрейлене үн қатты.

Оның «ойбай, апам...апам», - дегенін естігенде үй ішіндегілерді әлдебір беймәлім үрей билегені соншалық, әркім отырған орындарында сілейіп, қатып қалғандай еді.

Баязит келесі бөлмеге беттегенде Бәйез молданың «астапыралла, астапыралла», деген үні жарықшақтана шыққан.

- Мына кісінің киімін әкеліндер, - деген Баязиттің дауысы беймәлім үрейдің құрсауында аңтарылып, абыржып отырған жұртты сергітіп, серпілтіп жібергендей еді. Енді олар бірін-бірі қаға-маға «марқұм» жатқан бөлмеге қарай құстай ұшқан.

...Біреу күннен кейін Асқап ауруынан әбден айығып, құр аттай қунап сала берген.

- «Бәрін де естін, біліп жаттым. Тіпті, молдалардың бірі - өлді, бірі өлі тірі дегенінде, тек тіл катуға дәрменім жоқ еді. Есім кірген тұста кеудеме бастырған кара тасты сырып жерге түсіріп, бетімді жанқан шүберекті алып, жаныма қойдым, - дейтін жарықтық», - десетін осы оқиғаның еріксіз куәсі болғандар.

Асқап әженің «өліп, тірілгеннен» кейін де бірталай жыл өмір сүргеніне ұрпақтары, қала берді ол кісінің балалары Сәбит, Мүрсәлім марқұмдармен дәмдес-түздас болған бұл күнде көзі тірі көпшілік куә.

## Қарғыс

Кезекті бір сапарға дайындалып жатқанымда шешем:

- Сені «Қанай» ауылына барады деп естідім. Барсаң Қаракөз әжеңе соғып, көңілін сұрай кел, - деп тапсырған.

Қаракөз - шешемнің сыйлас құрбысы. Өмірінде пұшпағы қанамаған жан. Шалы екеуі зейнеткерлікке шыққанға дейін алғашқыда колхоздың, кейін совхоздың малын бағып, адал еңбектері, өнімді істерімен ел көзіне түскен жандар. Кезінде құдай нәсіп етпеген баланы бұлар іздемеген. Жалын ұрған жастық шақтағы сыйластықтары қартайғанда қимастыққа ұласқан. Біріне-бірі сүйеніп,

таяныш болып өмір кешіп келе жатыр. Шаруалары да мығым. Тек соңғы 3-4 жылда Қаракөз төсек тартып жатып қалған. Ол ауырған алғашқы күннен бастап, бұрын өздеріне қарасты азды-көпті малды жайлап, негізінен дала жұмысымен ғана айналысатын Қарекен ендігі жерде осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығатын болған. Тізе бүгіп, демалатын уақыты шамалы еді. Үйдің бар тірлігі өзіне қарап, шаршап, шалдығып жүрсе де сыртқа сыр бермейтін.

Қашан келсең де ақсақал жымия қарап, көңілді қарсы алатын. Хал-жайын сұрасаңыз:

- Е, е, Аллаға шүкір, енді жаман емес. Тек әжеңнің аздап ауырып, төсек тартып қалғаны болмаса. Уһ, «ауырып тұрдың, аунап тұрдың» деген емес пе? Алла сәтін салса... жазылып та кетер, - дер еді.

Бүгін сол Қарекен көңілсіздеу, өңі өрт сөндіргендей түнеріңкі көрінді. Аллаға шүкір дей тұра төсек үстінде шоқайып отырған кемпіріне жапақ-жапақ қарай берді. Әлдебір мазасыздық бары аңғарылып тұр. Кемпірінің сөзін беле-жарып, орынды-орынсыз киліге берді.

- Қарекен-ау, соншалықты неге есің шықты?

- Балаға төрге шық, жайғас демейсің бе?

- Уақа етнес. Халіңіз қалай?

- Жарығым-ай. Халі күрғырды қалай десек екен.

Сырқаты бар болғыр болмай тұр ғой тегінде. Отырған күйім осы. Ауырған адам Аллаға қалай екенін кім білсін, ал айнала төңірегіне жексұрын болады екен. Әйтпесе... Осы сәт ол еңіреп жылап жіберген. Шалы қолайсызданып:

- Қаракөз-ау, қой дедім ғой саған, қой. Мас... Жынды неменің сөзіне бола...

- Мас кісі ойдағысын айтады, - деді Қаракөз өксігін тия алмай отырып. - Қарағым, ием-ау, сол Айдарбекке менің қандай жазығым бар. Десеңізші. Ауырсам өз бетіммен...

Ажал шіркін жетпесе маған не қыл дейді. Сол ақымақ анада бір тойда балалы-шағалы той иесіне: «Мына сіздер көп жасап бала-шағаларыңыздың қызығын көріңіздер. Бұл меніңше құдай құптап, адам қоштарлық іс. Ұрпақтарыңыз бар. Ал ана Қарекеннің үйіндегі Қаракөз қакбасқа өмір не керек? Ой, өле қалса артында жетпей қалды-ау дейтін кімі бар оның,- деп ойына келгенін айтыпты. Қарекенді өлтіретін болды, - деп өзеурепті. Қой дегендерге дүрсе қоя беріп, «Ақым бар, ақым болғанда қандай. Қарекеннің күл төгіп, көмір тасып жүргенін көргенде ыза болатыным соншалық ана төсек үстінде ілініп отырған қакбасты өз қолыммен буындырып өлтіргім келеді,-деп лепіріпті.

- Соның бәрін мына байғұсқа жеткізіп жүрген,-деді онын сөзін бөлген Қарекен, - әлгі жолына жуа біткір Жанқабайдың жаман қатыны. Бұл өсегі құрғыр құрымай...

Сол сәт Қаракөздің «Бір өлу былай тұрсын. Тек Алла тағала пендем десең Айдарбектің қара сорпасын ішкізіп, алсаң арманым жоқ. Иә, Алла... пендем десең жұлыны үзілгірдің, жұлынын үзе көр... Түндігі ашылмасын, күлі шашылмасын...» Қардай бораған қарғыстың қайсы бірі есте қалсын. Тек «баласы жоқ, қу бас деп басынады ғой» дегенде жайшылықта қайыспас қара емендей көрінетін Қарекеннің балаша солқылдап жылағаны жүрекке қаяу түсіріп, ұзақ уақыт есте қалған.

Уа, тәңір-ай, бейкүнә қариялардың кейісті кейіптері күні бүгінге дейін көз алдымда тұрғандай.

Арада екі, үш айдай уақыт өтті. Бір күні «Қанай» ауылында тұратын таныс жігіттердің бірі көшеде кезіге кеткені. Мен одан Қарекеннің амандығын сұрадым.

- Қарекендер дін аман, - деді ол. Әжең сол төсек үстінде, бір қалыпты. Ө-ә-әлгі Айдарбекті білуші ме едің? Әлгі жылқы бағатын ше?

- Иә.

- Сол кеше аттан жығылып, мойны үзіліп опат болды. Бүгін намазы.

Сол сәтте төсек үстінде «Аллаға пендем десең» деп Айдарбекті қарғап-сілеп отырған Қаракөз әжем есіме түскені. Опыр-ай қарғысы... Қабыл... жок олай болуы мүмкін емес...

Сол сәт санамды сан жылдар уландырған атеистік көзқараспен ана сүтімен жүректен орын алған күдайшылдық сезім бірімен-бірі бітпес күреске түсіп кеткендей еді... Төрелік айтуға құқым жок сияқты еді.

Өзіме-өзім келгенде безгек болған адамдай өне бойымның қалтырап, дірілдеп, тісім тісіме тимей тұрғанын аңғардым. Зайыры, үрейім ұшып кетсе керек.

## Төбелес

Әу, бастан-ақ Шоман - шағын ауыл. Ұзындық-қысқалы екі-үш көшеден, соған қанаттаса салынған бірер үйден тұратын ауылдың тұрғындары да анау айтқандай көп емес.

Желкілдеп өскен құрақтай жастар елдің де, жердің де көркі. Соның бірі-Тоқыш. Иманбектің Тоқышы. Тоқаң сол кезде үйленбеген сұр бойдақ. әнді біршама әсем салатын кезі.

Аласа бойлы, мығым денелі оны ауыл ақсақалдары «Кұдай Тоқышқа қара күшті аямай-ақ берген екен» десетін.

Тоқыш сол жылдары Шоман көлдің жағасында орын тешкен диірменде жұмыс істейтін. Түс кезі. Тоқыш түскі үзілісте үйіне қарай аяндап келеді.

...Луыл толы тың игеруге келген салт басты, сабау қамшылы жастар. Араларында кекселері де жоқ емес. Сол тұста ел арасында бұлардың біразы «ана жақта» (түрмеде) болғандар екен деген сыбыс әңгіме жүретін. Мұның

қаншалықты рас екенін кім білсін. Анығы біз тұратын интернатпен жапсарлас бөлмеде жайғасқан бұлар үнемі ішіп жүретін. Бірімен бірі қысқа күнде қырық пышак болып, қыркысып жататын. Сол күні де олар қатты қызу еді.

Солардың бірі жатақхана жанынан өте берген Тоқышты көріп, оған тұра ұмтылды. Тоқышты қуып жеткен тұста әй-түйге қарамастан арпалыса кетті. Иегінің астынан тиген ауыр сокқыдан мұрттай ұшты. Сол сәтте әлгінің соңына ілескен жолдастары да келіп жеткен еді. Төбелес қыза түсті.

Ауыр сокқыдан аузы-басы қан жалаған әлгі неме жығылған орнынан ата тұрып, жатақхана жанында қыздырулы тұрған тракторға жүгірді.

Айғай-шуды құлағы шалып, сүріне қабына үйден далаға ата шыққан Тоқыштың пешесі Рахила:

- Айналайындар-ау, ел емессіндер ме, жалғызымды көре тұра өлтіртін қоясындар ма, арашаласандаршы түге,- дегенін естіген жанның жүрегін мұздатардай зарлы үнін құлаққа ілер, көлдей көлкіген көз жасын көрер тірі жан жоқ еді.

Көрші-көлем, ағайын –туыстың көбі мана айғай-шу шығып, төбелес басталған тұста үйлеріне жып берген. Енді төбелесті есік, терезелерінен сығалап, сырт бақылауда еді.

Бұл тұста Тоқыш қаша төбелесіп, үйіне жақындап қалған.

Манағы таяқ жеген мас жігіт тракторын тура Тоқыштың үйіне бағыттап, жұлындай ұшырып, ағызып келеді.

Ауылдас ағайыннан қайыр жоғын ұғынған Рахиланың:

-Жалғызымды өзің сақтай гөр. Иманбектің қара шаңырағын ортасына түсіре көрме, Тәңірім. Иә, Жаратқан ием өзің жар бола гөр,-деп зарлаған үні жапан даланы

жанғыртып тұрғандай еді. Кенет әлде не есіне түскендей жерге тізерлей отыра кетіп, басындағы орамалын жерге атып ұрып, шапын жайып, екі қолын көкке көтеріп, зарлана еніреп, тілек тілеуге кіріскен.

Атқан оқтай зулаған трактор барған сайын жақындап келеді, келер сәтте үйді таптап, талқан етіп кетердей.

- Анан кара, - Қасеннің Аманкелдісі иегімен нұсқаған жаққа жалт қарастық. Бір орыс, екі қазақ жігіті машинадан қарғып түсіп, төбелесушілерге қарай құстай ұшып бара жатты. Олар Тоқышты қоршап алып, тешкінің астына алып жатқан тың игерушілерге бір бүйірден араласты. Әп-сәтте-ақ қырғидай тиіп, шілдің тезегіндей тоздырып, қуалай сабап, берекелерін алып, безе қашуға мәжбүр еткен. Аяқ астынан тап болған бұлар кім десек, бір жақтан келе жағып, жолай дүкенге сокқан жолаушылар болып шықты.

...Үйге жақындаған тұста трактор шыр көбелек айналды. Зайыры, тракторшы үйді трактордың корпусымен соқпақ болды-ау деймін. Кенет моторы өшіп қалды. Трактордың кабинасынан ата түсіп, моторды от алдырмақ болған әлгі немені жанағы үш жігіт көк желкеден түйгіштеп, тобасын есіне түсірді.

Әжептәуір сокқы алып, сенделіп қалған Тоқышты жуындырып, шайындырып, үйіне кіргізген де солар. Жылдар өтті. Бізде есейдік. Аманкелді марқұмның тірі кезінде кездесе қалсақ Шоман көлдің жағасында өткен балалық бал дәуренді, ауыл адамдарын, Рахила кемпірдің зарын, Тоқыштың төбелесін, ұстаздарымызды, мектепті еске алып отырар ек.

Қалай десек те Рахила кемпірдің көмекке шақырған жан дауысын, көлдей болған көз жасын өзімен бірге туып, біте қайнаған, дәмдес-тұздас ағайын, туысқаннан, көрші-көлемнен бұрын көріп, зарлы үніне, шерлі мұңына құлақ түріп, қиын сәтте өзіне сиынып, өзінен көмек күткен «құлақ кесті кара құлын» мейірімнен құр қалдырмай, ұлын

ажалдан, үйін апаттан аман сақтап алып қалған күдіреті күшті бір Алланың барлығына сәбилік жүрекпен шүбәсіз сенген едік.

Күні бүгінге дейін сол шексіз сенім жетегінде келемін.

### Қара аққу

Кейінін Ж. Шанин атындағы шаруашылық атанған елді мекеннің шаңырағы көтеріліп, уығы шаншылмаған. Ол тұста бұл жерге шалғы салынатын шабындықты алқап еді. Сол алқаптың қарсы алдында - Қапар көлі көк желкесінде - Күркелі. Күркелі барыжоғы екі үйден тұратын шопандар мекені. Сол екі үйдің бірінің иесі - Тәткен Қалымұлы. Осындағы отар иесі. Сол кезде отызды артқа тастап, қырықтың қырқасына қарай ат басын бұрған аптал азамат.

Тәткен ұзын бойлы, сұлу-тұрықты, бидай өңіне қою қара мұрты жарасқан келісті жігіт. Қақпақтай жауырыны, тоқпақтай жұдырығы оның өзі қатарлы жігіттер арасында қара күштен дөмегөй, әлді жігіттердің қатарына қосатын, аздап өн салатын, серілігі де жоқ емес еді. Мұнымен қатар мылтығын қасынан тастамайтын аңшылығы жөне бар. Аңға арнап шығып, қанжығасы қан сасымаса да, әлдеқалай мылтығын алып жолға шыға қалса, тіпті қой баққанда кездескен анды құр жіберуі өте сирек.

Осы Күркеліге келіп қоныстанғалы да Қапар көліне қонған қаз, үйректің бұйырғанын олжалаған ол бүгінде мылтығын асына шыққан. Орайы келсе күс атудан кет өрі емес. Түс әлетінде күндегі әдетімен қойын Қапар көліне қарай қаптатқан, қойдың алды маңырай шулап суға лап қойған тұста оның көзі Қапар көлінің орта тұсына таман суда асыр салып ойнап, біресе қалықтай көкке көтеріліп, көлге қайта келіп қонған

сыртқы тұрқы қаздан ерек, аккуға тән. Әсіресе су сабалаған қанаттарының шалғайы мен сала құлаш ұзын мойындары аққудан айнымай қалған. Тек түрлері қара құстарға түскен еді. Қара акку... болуы мүмкін бе? Жоқ... Мүмкін емес. Ал бұл сәтте, бір сәт су астында сүңгіп, көзден таса болған құстар, бұған таяу тұстан келіп шыққан, әлден соң қанаттарымен су сабалап көкке көтеріліп көл үстін айнала ұшып, жаңа өздері ұшқан тұстан сәл әрірек барып қонған. Олардың әр қимылын қалт жібермей бағып тұрған Тәткен де бұл сәтте кәнігі аңшыларға тән сақтықпен басы артық дыбыс шығармауға тырысып, көл жиегіне қарай баяу қадам басқан. Оқ жетер тұсқа жеткен сәтте құстардың бірін қарауылға алған. Сол сәт қолы дірілдеп, көз алды мұнартып, жанарлары жасаурап қоя бергені, шүрішпені басуға бас бармағы икемге келмей, өне бойын бимәлім діріл билеп бара жатты. Ынта- жігері құсқа ауып, ұшып кетпеуін тілеген Тәткеннің қасқағым сәтте өз басынан өтіп жатқан осы бір түсініксіз жайларға мән беруге мүмкіндігі жоқ еді.

Оны аңшылық жеңсіктің меңдеп алғаны соншалық толқынмен баяу тербеліп жүзіп келе жатқан қара акқуларға қаруын кезеніп:

- Ата алмасам маған серт, аттырмасаң саған серт, - деген тістене тіл қатып.

Соған ілесе Қапар аймағын гүрс еткен мылтық үні жарық күнде жай түскендей жаңғыртып жүре берген.

Іле көл бетінен дүр етіп, көтерілген құстардың көбі көлдің қарсы жақ бетіне қона бастаған. Бұл сәтте екі қара акку сұңқылдай дауыс салып, Қапар көлін, сол көлдің жанында ессіз-түссіз талып жатқан Тәткенді айнала ұшып, кеңістікке сіңіп жоқ болған. Олар маған мәңгілікке жоғалғандай. Олай дейтінім содан бері де 40 жылға тарта уақыт өтсе де Баян өңіріне қара акқудың қайта оралып соққанын естіген емеспін.

## Лекер қажы

Ақбура руынан әр кезеңде жеті әулие шыққан екен. Солардың бірі- Лекер қажы. Ол кісі ел аузындағы аңызға қарағанда дүние - мүлік жинамаған, дәулеті кемшін болса да, мұсылманша терең білім алған, тақуа ерекеше қасиет иесі болса керек. Бірде оның қажылыққа баруды ниет еткенін естіген замандастарының бірі Лекерге келіп: - Сіздің мұсылмандық парызыңызды өтемекке ниет етіп, Меккеге жүргелі жатқаныңызды естідім. Ниетіңізді жаратқан ием қабыл етсін, Алла жолыңызды оңғарсын, деп астындағы атын түсіп беріп, Құдай алдында сұраусыз,- деп бір шама қаражат ұсынады. Лекер оның бұл сый-сияпатынан “Қажыға өркім өзінің адал ақы, маңдай терімен баруы керек. Сонда ғана ниеті қабыл болмақ. Ал, сенің достық пейіл, риясыз көңіліңе Алла разы болсын”, - деп бас тартады...

Қажылық сапарға аттанушыларды кемеге отырғызу басталды. Аттылы, түйелі тобырға ілесіп, жаяу-жалпы жеткен Лекер де көпшілікке ілесіп, шыпта тексерушінің алдына келеді. Мұның қолындағы 20 тиын бақырды көрген шыпта тексеруші шошып айғайлап, полицияны көмекке шақырды. Олар Лекерге қасиетті сапарға мұншалық аз ақшамен баруға болмайтынын айтып түсіндіреді.

Әлден соң Лекерді құмды жағалауда жалғыз қалдырып, кеме ат жал толқынды айдынта бет алып, қарқынын сәт санап арттыра түседі. Тек ... әлден соң өзінен жүрісі баяулап, бір орында тұрып қалады. Дереу кеме капитанның бұйрығымен суға өлшеуіш салған теңізшілер кемеңіз қайранға ұрын-бағанын баяндайды. Матор да қалыпты жұмыс істеп тұр. Тек кеме орыннан тапжылар емес, неге?

Осы сәт қажыға бара жатқандардың арасынан әлдекімдер капитанға әлі де жағалауды шыр көбелек айналып жүрген Лекерді нұсқап:

- Мырза, ана кісі, тегінде тегін адам болмады. Сол кісіні ілестіріп, ала кетсек қайтеді,- деп өтініш жасайды.

Капитанның кемені пристаньға бұруға бұйрық беруі мұң екен, кеме артқа қарай құйындай ұшады. Кемедегілердің манадан бергі әуре-сарсаңның Лекерге, оның керемет қасиетіне байланысты екендігіне ешбір шүбәлары қалмайды.

Тіпті Лекерді көк тиынсыз ала кетуге пейіл танытады. Тек оған Лекер көнбейді. Қажыға барамын деп алып шыққан 20 тиынын төлеп, кемеге отырады. Кеме капитаны Лекерге қоштасар сәтте - дәл осы жолғыдай портқа кездейсоқ бейнетсіз жеткен емеспіз, қайтар жолда қызметіңізге әзірміз, күтеміз, - дейді шын пейілден.

Лекер қажыға Меккеден топырақ бұйырарын, аманатқа қалдырған аса таяғын қажыға осы өңірденбірге барғандардың бірі арқалап, алып қайтарын ол қайдан білсін. Ал аталған аса таяқ қажының шөбересі Айтмағанбет молданың (ол кісіні көзіміз көрді) үйінің төрінде ілулі тұрды. Айтекеннің өз кіндігінен бала жоқ еді, өзі қайтыс болған соң аса таяқ өгей баласы Мүбөрактын қолында қалды.

Сырт естуімізше бұл асыл мұра күні бүгінгі дейін сол шаңырақта сақтаулы болса керек.

### Ән-дәру, әнші – емші ме?

Халық емшілері. Олар ықылым заманнан бері халықпен бірге жасап келген. Тіпті, кешегі "Кұдай жоқ, дін апиын, емші алдаушы" деп жар сала келіп, емшілердің соңына шырақ алып түскен кеңестік кезеңде де ел таныған емшілер болған. Олар – Шайхы, Қайса. Солардың ізін бұл күнде Үміт апа, Ақлима, Рымкеш қарындасымыз сәтімен жалғастыруда. Бұлардың бәрі Павлодар өңіріне, қала берді

республикаға белгілі ел таныған емшілер. Әріректе Баян өңірінде Омар дәрігер атты ғұлама емші өткенін айта кетелік.

Қазірде өзін емші атайтындар екі ауылдың бірінде кездеседі. Құмалақшы, көріпкел, түс жорушы, аруакпен емдеуші, бұл аз десең түрі-түсі әртүрлі әулиелер... Тәуелсіздік туының астында өмірімізге дендей, еркіндей енген дәстүрлі емес жоғарыда аталған медицина түріне, халық емшілеріне жұрттың біразы имандай сенеді. Енді біразы жоққа шығарады. Бұл арада "Сен неге сенесің, сен неге жоққа шығарасың?" - деу ағаттық болар. Әркімнің өз еркі, өз таңдауы, өз қалауы. Оған қол сұғуға ешкімнің қақысы жоқ. Сол құқығымызды пайдаланып бүгін әлі де халық арасында кең тарай қоймаған суретпен, әнмен емдеушілер, олардың ерекшелігі туралы ой өрбітуді жөн керіп отырмын.

Ең бірінші - әнмен, суретпен сырқаты жанына батқан ауруды емдеу мүмкін бе? Ән не болмаса сурет сырқат жанның, дертіне дауа, жанына шипа бола ала ма? - деген сауалдарға жауап іздеп көрелік. Ана бір жылдары емші, әнші қыздың, республикалық теледидардан сеанс-концерт бергені есімде қалыпты. Сол әнші - емшінің шипагерлігі қай дәрежеде екенін кесіп – пішіп айта қою қиын. Ал сазды әуені тыңдаушысының, жан дүниесін аялап, баурап тербеткені хақ

Өткен жылы "Денсаулық - зор байлық" хабарына қатысушы дәстүрлі медицинаның, атағынан ат үріккендей мүйізі карағайдай абыройлы азаматтары суретпен емдеушілер туралы, жылылыққа толы әсерлі әңгіме өрбітулеріне карағанда, суретшінің қыл қаламының, емшілік қасиеті болғаны ғой.

Әрине, суретші, әнші біткеннің бәрі емші емес екені де талас тудырмайды. Табиғатта сом алтынның, сирек

504097

кездесетіні сияқты әнмен, суретпен емдеу қасиеті әншілер мен суретшілердің, мынынан біріне ғана бұйырар. Алланың, сирек сыйы болса керек. Осы сирек сыйға ие болғандардың, бірі - маған марқұм Жүнісбек Шаймерденов сияқты көрінеді. Ол тура мағынасында әнші-емші болған деуге негіз бар. Олай деуге бесіктен белі шықпай жатып мәңгілік зағип болған жанның, өзге өмір кезеңін былай қойғанда, соғыс жылдары майдан даласынан "қара қағаз" алып, қан жұтып, қасірет шеккен жандардың ортасынан табылып, құсалы көңілдерін көтеріп, жігер берген әндері мен, үзілген үміттерін жалғап, шуақты өмір белесіне бастауы негіз болатындай.

Баянауыл ауданының, тарыдай шашыраған ауылдарын аралай жүріп ән салған Жүкенді соғыс өрті өзегін шаршып, өрісін тарылтқан тыл еңбеккерлері асқан құрметпен қарсы алатын. Жүкен, өзі ән салғанда сол мұңлық жандардың, жанарында мөлтілдеген мөлдір тамшыны қос жанарымен көрмесе де жан жүрегімен сезінетін. Мұны Жүкенді көзі көрген, дәмдес-түздас болған көне көздер, аты аңызға айналған аға туралы аға ұрпақ өкілдерінен естіп, білген жандар жоққа шығара қоймас.

Сол көз көргендердің бірі - қадірлес құдасы екібастұздық Мұқаметкәрім Нұрмағанбетұлы былай дейді: "Жүкен, мұнан соң Естайдың, үкілі Ыбырайдың талай әндерін орындап, тыңдаушысының құлағының құрышын қандырды. Оның әнін тындай отырып, сіз ғой әлде бір рахат сезімге бөленіп, бейне бір өзіңізге беймәлім әлемге сапар шеккендей боласың".

Осындағы "рахат сезім", "беймәлім әлем" сөздерінің, астарына тереңірек үңіліп, ой жүгіртіп көріңізші. Құсалы жанның "рахат сезімге" бөленуі, іштей мүжіліп, үгілуге, күйреуге айналған көңілдің көтерілуі, жұбаныш табуы қуаныштан үміт етуі, беймәлім әлемге "қадам басып", - тың

күшке ие болуы, өмірге деген күштарлықтын соны серпін, тын қажырмен бас көтеруі емес пе? Мұны басқаша айтар болсақ енсені езіп, адам ағзасының әртүрлі дертке қарсы тұрар иммунитетін жоя бастаған зіл батпан қайғыдан арылтуға негіз салу ғой. Көңіл қаяуы серпілген тұста-ақ сырқат серги басталмай ма? Ауру адамның сергуі - сауығуының бастауы.

Бәлкім, Жүкен «басы қаралы, жаны жаралы» жандарды музыканын мың құбылған сазды үнімен, өзінің өршіл әнімен көңілдерін көтеріп қана қоймай "батпандап кіріп, мысқалдап шығатын" дерттерінен емдеп жүргенін білмеген де болар. Әйтеуір әншілік қызметін адал атқарғаны хақ.

Жол апатынан соң, он тоғыз жыл бойы Жүкеннің жан жүрегін аяалап, қиын-қыстау сәттерде сарқылмас сабыр, темірдей төзім, қажыр-қайрат берген әншілік, емшілік қасиеті болар.

Өткен жылы Жүкеннің туғанына 85 жыл толуына орай облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайында әдемі бір кеш өтті. Кешті мұражайдың өнер бөлімінің менгерушісі Қуандық Қалиев жүргізді. Қуандық ініміздің Жүкен өмірінің тағылымды сәттерін арқау еткен әсерлі де, әдемі әңгімесін Жүкеннің ұрпақтары көздің қарашығындай сақтап келген үн таспадағы дауысын тыңдай отырып, (емшілік жайлы сөз болмаса да) Жүкен әнші-емші деген ойға берік табан тіреген едім.

Еске алу кешінде әншінің қызы, танымал өнерпаз Құралай Шаймерденова бірінеше ән орындады. Оның әнінің баурап алғандығы соншалық "Өлшеулі уақыт, жүретін жол барын" естен шығарып алыппын.

Автостанцияға келсем Красноармейқаға қатынайтын көлік атаулы баяғыда-ақ "қаңтарылып" қалған екен. Таксистер "әкелерінің" құнын сұрап, кергіп қалғаны. Соңғы

поезд... жүрегім алып ұшып, бойымды қорқыныш биледі. Станциядан үйге дейінгі 2-3 шақырымдық жол... Тас қараңғыда із табаныңды аңғара алмай, бір жерде сүрініп-қабынып... Ауыл көшесінде қаптаған ит. Ойлаған сайын екіншім еселеп арта түсті. Қона кетсем, ертеңгі жұмыстан кешігем. Амалсыздан поезға шыпта алып, вокзалдың екінші қабатына көтерілдім. Көліктің жүруіне әлі де жарты сағаттай уақыт бар. Таныс ауылдастардың бірі болмаса бірі кездесіп қалмас па екен деген оймен ерсілі-қарсылы жүріп жүрмін. Кенет екінші қабатқа көтеріліп келе жатқан әлде кімдердің бірінің қолындағы домбыраның қабына көзім түсе кеткені.

- Құдай-ау... мынау әнші Әсел Ботаева ғой. Жөн сұрастық. Ол Алматыға "Хабар" агенттігінің "Алтыбақан" бағдарламасының шақыруымен жол шығып бара жатқанын айтты. Әселді құлыншақтай кезінен жақсы білемін. Ол өзінің әуезді әнімен қаршадай күнінен жұрт жүрегін жаулаған, ән жұлдызы атанды. Қазақтың қасиетті қара домбырасына ол қосылып салған, ән құлаққа келіп тұрғандай еді. Менің сауалыма орай ол өзі оқып, білім алып жатқан ПМУ-дағы ән факультеті, оның өнерпаз ұстаздары туралы жылылыққа толы әңгіме өрбітіп тұр.

Әселмен қоштасып вагонға беттедім. Бұл сәтте көңілімнің көтерілгені соншалық, манағы қауіп-қатер аралас үрей сейіліп сала берген. Құлаққа Жүкеннің асқақ әні талып жететіндей. Көз алдыма Құралай, Әсел қарындастарым елестейтіндей, әсем әуезді әндерімен қырларға шақыратындай... Шынымен-ақ ән-дәру ме? Әнші - ёмші ме?..

Қалааралық Павлодар - Красноармейка жолаушылар поезы қара түнді қақ жарып ағыш келеді...

## От құйын

Шабындықты алкапты еңбек думанына бөлеп жүрген Теңдік колхозының пішеншілері түс әлетінде аспанды қара бұлт торлап, жел көтеріліп, найзағай ойнап, күн қатты күркірегенде бір шама шошып қалған еді. Сол сәт әлдекімнің «ойбай, өрт» деген үні естілген жаңа ғана күн күркірегенде біршама аңтарылып қалса да бірі шөп шауып, бірі жинап, енді бірі мая салуды жалғастырған колхозшылар тайлы таяқтары қалмай шабындықты алкаптың орта тұсынан басталған тілсіз жауға қарсы ұмтылған. Тек өрт сөндіретін техниканы былай қойғанда қолдарында сыпырғыш күректері де жоқ олардың сәт санап ұлғайып бара жатқан өртті сөндіре қоюы екі талай еді. Әлден соң-ақ бет шарпыған ыстық жалын мен қолқаны атқан түтінге шыдай алмай таулары шағылып кері серпілген.

Ал бұл сәтте өрт қыр астындағы пішеншілер қосына қарай бағыт алып өрши түскен. Мұны дер кезінде байқаған қостағы ересек адамдар бала-шағаны ертіп, осы мандағы апанға қарай жан ұшыра ұмтылған оның айналасы өзге жерге қарағанда біршама тақыр қиыршық тас болатын. Сондықтан да болар апан ішіне жайғасқан үлкендер үрейі ұшып, жылай бастаған бала-шағаны сабырға шақырып тыныштандыруға тырысқан. Олардың көпшілігі өрттің апанды айналып өтетініне не жете бере тоқтайтынына сенімді еді.

Жолындағысын кара күлге айналдырған қалың өрттен аяқ асты бөлініп шыққан бір үзік от жерден ырши көтеріліп апанның үстінде найзадай шаншылып, ұршықша үйіріліп тұрып алды. Сол оқиғаны көзімен көргендердің бірі Бекайдар Қожамбердин марқұм інісі Олжатай Жанайдарұлына.

- Алланың әмірімен өрт осы тұста жерде емес аспанда алаулап жанды. Астымдағы атымның жалы өртке шалынып, өзім күйіп қалдым деген екен. Сол жолғы өртте Тендік колхозының тұрғындары, Қалышбектің, Тұмардың, Хасеннің, Қамыштың, Дірілдек Қожахметтің отбасы сол апан ішінде ошат болды. Сол жылдарда Тендік колхозына басшылық жасаған Қордаш, Сартай, Мұқыштар сотталып кете барды.

Осыншалықты қайғы қасірет алып келген табиғаттың тылсым күші сол өртті біреулер найзағайдан кетті десе енді бірі шалғыдан кетті дейді. Анығын тап басып айтатын бірде бір жан жоқ. Содан бері 58 жыл өтсе де Жәмидегі сол өрт әлі күнге ел есінде. Оған басты себеп біршама адамның ошат болуы. Сонымен қатар алғашқыда бір тұтас жанған қалың өрттен құйынның бөлініп шығуы, жерден көкке көтерілуі, Бекайдардың және басқалардың сөзіне қарағанда апанның үстінде үйіріліп тұрып алуы екендігі сөзсіз. Осының өзі табиғатта сирек кездесетін тылсым сырлы құбылыстардың бірі. Ал мұндай таңғажайып қасіретті жағдайлар жұмыр жер бетінде талай рет болған. Әлі де боларына күмән келтіргің келмейді.

## Сопылық жырлар (уағыз)

### Тәңірге тағат

Бір Алланың барлығына  
Кеше ғана шүбәлі,  
Атеистің  
Бүгін түрік илоллаға құлағы.  
Сөне жаздап,  
Жалп-жалп етіп исламның шырағы,  
Тұрған тұста,  
Тарқағандай құмары.  
Бөйге алғандай пырағы,  
Белсеңділер құрған еді,  
Құдайсыздар ұйымын.  
Жария етіп,  
Тәртібі мен тиымын,  
Мешіттерді,  
Жау шапқандай талқандап.  
Бастар еді,  
Құдай жоқ деп жиынын.  
Талай діндар,  
Кете берген атылып,  
Жазықсызды жалғыз оққа байладық,  
Сол сәтте де,  
Өмір өлім арбасқан,  
-Исламның келері хақ айналып.  
Деген сөзді,  
Қайталаудан танбаған,  
Болған екен,  
Пірөдарлар сандаған.

Осы сөзден  
Сенім шоғы тұтанып,  
Жұрт жүрегін  
Бір Аллаға жалғаған.  
Тағат кылып  
Тәңіріге жасырын,  
Темір тектес  
Шенгеліне тасырдын.  
Түскендері  
Бір Алланың көмегімен құтылып,  
Талай-талай  
Тығырықтан сытылып.  
Шыққан еді  
Бұл шындық,  
Темір торды бұзсақ-ау деп  
Бұлқындық.  
Тәңір өзі жар болып  
Тәуелсіздік таң атпаса.  
Қайда апарып соғар еді бұл сұмдық.  
Дәл осыған  
Бал ашпадым,  
Білем десең таласпадым.  
Бар болғаны  
Мүскіндердің бірімін,  
Арқауы осы  
Жүрек жарды жырымның.

### Тозақы адамдар

Жүректері  
Бар олардың асау тайдай бұлқынған,  
Тек ізгілік ізін іздеп сандалма.  
Елім десе еңірей бір жыртылған,

Жүректерден  
Өзгеше ол таңданба.  
Оның сырын тәңір ғана түсінген,  
Бас қатырып сондықтан да жатпадық,  
Көздері бар көздеріндей күшіген,  
Өз міндетін ешбір мінсіз атқарып.  
Тұрғанымен жақсылықты көрмейді,  
Құлақтары ізгілікті естімейтін тас керең.  
Өрт шалса да өзектесін оған көңіл бөлмейді,  
Еш нәрсені ойламайтын баспенен.  
Мәңгүрттерден өзгелерге көп қатер,  
Хайуан мінез жандардан.  
Қаперсізге иман жайлы, әй, бекер,  
Айтқан мүскін айдалада сандалған.  
Жолаушыдай болып кейде көрінер  
Арып-аршып тілінген бір табаны.  
Тозақыдан жаным шошып жерінер.  
Құтыла алман қашсамдағы жаманы.  
Қиянаттың қиы жоқ ол баспаған,  
Тітіркентіп, түршіктіріп маңайды.  
Ішкі сырын сыртқа шашпау шашпаған  
Қан қақсатқан талайды.  
Қара түндей қабағы бір ашылмай,  
Сыбағасын ит жегендей түнеріп  
Қара көңілі қара көрдің тасындай.  
Сүйретіліп жүрген сірә тірі өлік  
Фітинаның қанды қолы кесілер.  
Алда күткен сезінбестен сайқасын.  
Ізгілік пен зұлымдықтың Естілер,  
Ұғынарда мәңгі бітпес шайқасын.  
Тәңірге тағат етер ерте-кеш,  
Сана берген, жігер берген, жан берген.  
Ықтизар тілек  
Көз алдында өрт елес

Сені танып еткенінше ықтирап,  
Өтуіне тура келді сан белден.  
Тура жолға баста бізді тәңірім,  
Тағзыбыңнан шыбын жанды сақтағын.  
Ақ нұрынды төгер ме деп сарылдым,  
Дарыта гөр періштенің пәктігін.

### Алланың үйі

Мұхаммет қаққан алғашқы мешіт қазығын,  
Медине сенің бөлек-ау орнын біздерге.  
Мұсылманға берген Алланың рухани азығын,  
Таратқан тайпа, алшақта жатқан жүздерге  
Алланың үйі айқара есік ашқалы,  
Ұмытып үмбет тас құдайларды басқаны.  
Ағылған елдің сенімің серік етіп бір,  
Қандырды шөлін исламның кәусар бастауы.

Жаулары кеше көре алмай оны жаныққан  
Кезі аз ба еді пайғамбардың да тарыққан.  
Меккеде қалған Мұхамметті қуып дінсіздер,  
Атқанын көріп ислам атты жарық таң.  
Көз жасын көл қып қолынан беріп билікті,  
Иілемес дейтін иінділерің иілікті.  
Қуаты артып  
Сәт санап ислам дінінің.  
Алладан жеткен мөлшерсіз дарқан сыйлықты.  
Қабылдап қауым  
Ислам дінін таныған,  
Тазарған сәтте тас құдайлардан Қағыбам.  
Тараған ақ нұр Мединедегі мешіттен,  
Шаһағат шашып шалғайларға шағылған.

Ғасырлар өткен қас қағым сәтте арада,  
Ислам діні шашқанша қырға ұрығын.  
Дәру боп дарыр сандалған ессіз санаға,  
Игергендер Ислам ілімін.  
Алладан басқа  
Тәңір жоқ деп жар салып  
Жаңғыртқан жұрттың санасын.  
Алланың сөзін  
Ризашылықпен қарсы алып,  
Таныған тәңір панасын  
Бабалар нұры  
Пейіште шалқыр әмөнде,  
Салдырған үйін Алланың ...  
Мың алғыс саған тәуелсіз елім, замана,  
Адаммен Алла арасын мәңгі жалғадың.

### Сәулелі ойың

Тәңірім менін  
Сауданы халал,  
Өсімді харам еткен ең.  
Сәулелі ойың санамызға қалай жетпеген,  
Тиыннан теңге тудырмақ болған пысықтар.  
Фітінәлардай мейіріміңнен сенің шеттеген,  
Күнәға батқан  
Құлдарың сенін күреу мен тиын-тебенді.  
Ұмытын тіптен ар-ождан, тауних дегенді  
Шарасыз жанды  
Тұйыққа тіреп өсімі,  
Қасқырдай талап жегенді,  
Ерлік деп білген  
Есерсоқ көңіл өзінді бір сәт ұмытқан,  
Қарыздар жанның солдырған гүлін жұлып сан.

Зұлымды-зұлым ыңылық қылып ақыры,  
Орнында ойран қалғанды қақ боп тұнып қан.  
Көргенде мұны ет жүрек шоршып шошыған,  
Өсімқор жәлләп  
Ақша үшін ақи көзденіп,  
Мән бермей тіпті осыған  
Жолбарыс тектес жосыған.  
Талайды талап  
Етсе де күнде қан жоса,  
Ындыны құрып қанжығасын қандаса.  
Аш көзді тасыр ұмытып тойым, тыйымды,  
Құрбанын құнсыз аңсаса.  
Зауалың сенің жіберген оған деп білем,  
Үйренген жандар кісі ақысын жеп кілен.  
Қиямет күні өргенер бәлкім тозаққа,  
Пәниде мынау  
Құтылмас сайқы тепкіден.

### Сол Анайды...

Сол Анайды қайтар-ау деп райдан,  
қорқар-ау деп түбі бір күн құдайдан.  
Ойламағам қаперіме кірмеген.  
Күпірліктен жан дүниесі кірлеген.  
Оның сыры көпшілікке мәлім-ді,  
Іздеп табу қиын еді дәл осындай залымды.  
Түршіктірген ет жүрегін талайдың  
қылығы еді қылмысқа төн Анайдың.  
Ораза ұстап еткені үшін құлшылық,  
әйеліне дүре соққан жүз шыбық,  
Жалғыз ұлы суға батып өлгенде,  
Алыс-жақын жаназаға келгенде,  
Күпірліктің көрсетіп бір көкесін.  
Пірөдердің жарып тастап шекесін.

Ұстатқан ол жалпақ жұрттың жағасын.  
Небір тентек аяқ тартып,  
Одан бойын бағатын.  
Үміт үзген жұрттың бәрі безініп,  
қалдым бірде  
сол Анайға айт намазда кезігіп.  
Дәрет алып қырсық сөзден арылып,  
бір Аллаға жалбарынып, жалынып  
отырғанын көргенімде сенбедім.

-Анаймысың шыныменен сен дедім,  
-Иә деді ол қос жанары ұшқындап  
тәңіріге тағат етіп  
рақат тауып құштым бақ.  
Алла өзі нұр сәулесін түсіріп,  
қырсық ойды қуаладым, ысырып.  
Намаз оқып,  
өтегелі мұсылмандық парызды,  
күмән, күдік жүрегімнен қара үзді  
оның сөзін шын жүрегімен қабылдап,  
тындай бердім жан дүнием жалындап.  
Пенделік ой бір сәт менен шегінді,  
Тұрған торлап  
Күдік бұлты көгімді.  
Бара жатты көз көрмеске алшақтап,  
Хикметі Алланың  
Мүскінін сан тамсаңтпақ  
өмір бойы табынтып  
өмір бойы аңсатпақ.  
білместікпен  
Ақ жолыңнан алшақтап,  
кеткен мүскін құлыңды  
ғазабыңнан қал сақтап.

## Шыбын жан

Көкірегімді көрік тектес үрлеп жалын лебімен,  
Жалған атты жалғастырған желімсен.  
Жұдырықтай жүректегі шыбын жан,  
Қинадым-ау сені мен.  
Жалдаптарға жалдап сені жанықтым,  
Тамыздығын үрледім сан тамықтың.  
Шырылдаған кеудемдегі шыбын жан,  
Иттігімді саған қылған жаңа ұқтым.  
Мансап үшін  
Байлық үшін сүлдерінді сүйредім,  
Ауызымның көре тұра қаншама рет күйгенін  
Қан түкірген қан майданға ұмтылдым.  
Сонда сені шүберекке түйгенмін.  
Жан сырынды  
Шырылыңды ұқпадым,  
Қарсы шықты қабан-қатер бұқпадым.  
Көз жасына шөйіп сені өзгенің,  
Баянсыз боп шықты өтген ұтқаным.  
Аманат жан  
Қысталғанға салып сені зорладым,  
Болды білем.  
Сол сәттерде жалғыз Алла қорғаның...  
Аманаты бір Алланың шыбын жан,  
Бір өзіңсің баға жетпес.  
Менің кара орманым,  
Кешір, кешір  
Білместігім көп менің,  
Шыбын жаным  
Көрер күнім көктемім.  
Қош айтысар сәтте жетер ерте-кеш,  
Бір Алладан әмір келіп жеткен күн,  
Ал әзірше

Ел қатарлы күн кешіп  
(Қу құлқынға табыларда бір нәсіп)  
Ақ жолынан бір Алланың жаңылмай,  
Жаным, тәнім тағат еткін бірлесіп.

### **Қонағасы. Немесе құдағидың әңгімесі**

Үлкендерін қадыр тұтқан халықпыз,  
Ата салтан соны сақтап қалыппыз.  
Деген менде енем ертең өлем мен  
Дегенінде айран-асыр қалдық біз.  
93-ке жасы келіп жетсе де,  
Сан қыспақтан, өткелектен өтсе де.  
Қажыр-қайрат саркылмаған қайнары  
Адам еді ол мейірімді жайдары.  
Қос жетімді жетелеген жесір еді,  
Еңбекпенен өткен күні айлары.  
Серік етіп қасіретпен қайғыны.  
Кешкен тірлік  
Көп мүскіннің бірі еді.  
Десетін жұрт неткен жаны сірі еді,  
Ауырмаған, төсек тартып жатпаған,  
Дәрі дәмін бұл жасында татпаған.  
Сырқат сыры дейтін маған беймәлім,  
Тәңір өзі бейнетінен сақтаған.  
Екі-ақ рет толғақ кештім басымнан.  
Құба құрға бебеу қағып асылғам.  
Жаны сірі сол енемнің сөзіне,  
Тура айтуға батпасақ та өзіне  
Күмәнді едік өзге түгел өзіміз,  
Күні ертең қоярына көз іле.  
Іштей тынып,  
Сыртқа сырды шашпадық,

Кәдімгідей дайындала бастадық,  
-Шақыр деді қайным менен молланы,  
Отыр енем бар тірлікті басқарып,  
Молла менен қайнысын алдырып.  
Төрге құрақ көрпелерді салдырып,  
Жүзі жайнап кетті енем сөз бастап.  
- 93-те тұрмасам да шалдығып.  
Нар атанға жүк екенін сезінем,  
Жан емеспін мен өмірден безінген.  
Әзірейіл жанымды алмақ бүгін түн,  
Жалғыз мен бе мәңгілікке көз ілген.  
- Бәйбіше, деп сөзін бөлген молланы,  
Тиып тастап енем әрі толғады.  
Қонағасым бүгін менің берілмек,  
Тек тәңірім иман берсе болғаны.  
Ақ арулап өтінемін жерлендер.  
Қайным едің айналайын, жеңгем дер,  
Жалғызымның есі шығып кетпесін,  
Жанында боп, қиын сәтте сен дем бер.  
Енем өзін тым көңілді ұстаған,  
Әзіл айтып қайындарын қыстаған,  
Қонағасы тойдай болып өткенде,  
Кей антұрған улы тілін ұштаған.  
- Мына кемпір өлер болса бүгін түн,  
Сырқат жандар шыбын жаннан түңілісін.  
Мені жоқтап жан жарымның аяулы,  
Қына белі аш күзендей бүгілісін.  
Дегендер де топ ішінен табылған,  
Жұрт аяғы басылмады ағылған.  
- Шешен тірі қалай көңіл айтамыз,  
Деп талайлар аузынан қағынған...  
Бір Құдайды,  
Алшақтатып санадан,  
Дін апыын

Діндар надан саналған.  
Кезені ғой кешегі өткен кенестің  
Әркім өзін «ірі» атеист санаған.  
Содан ба екен,  
Енем сөзі күмәнді саналғанды  
Серпіп күдік тұманды  
Тағдыр шіркін жетгіде,  
Сынып түсті  
Шаңырақтың шынары,  
Таңата ел құлақтанған қазадан.  
Кеше бізді әжуа етіп қажаған,  
Жел ауызды, жеңілтектеу құрбылар  
Әбігер боп, айырылды мазадан.  
«Енең қалай өлетінін дәл білген»  
Із өкшелеп сауал салған дәлдірден.  
Аулақ салып алшақтаттық іргені,  
Өзге түгіл  
Өзімізге жұмбақ, еді алдымен.  
Таң қалудан басқа ештеме қалмаған,  
Жылдар өтті одан бері жүйрік аттай самғаған,  
Жесірліктің жетегінде біршама.  
Ұрпағыма ізімді алға жалғаған,  
Енем жайлы айтып әман жүремін,  
Аттай тулап аласұрған жүрегім.  
Енем тектес бір Аллаға бұрылған,  
Жалғыз Алла жалғандағы тірегім.  
Менің енем  
Қиындықты бастан кешкен сандаған,  
Жан болатын тәубасынан танбаған.  
Жаратқаның түсті ме екен мүскініне пейілі  
Жан жүрегін жалғаған.  
Бір Алладан таутих, мелет сұраған  
Мейірімді, ақ ниет жан еді ол.  
Мұны жоққа шығара алмас бір адам.

Деді дағы үнсіз қалды тиылып...  
Қара бұлтты көкті жапқан түйіліп,  
Осып-осып жіберген сәт найзағай,  
Бір Аллаға кеттік біз де сыйынып.

## Арнау

### Баянбек Қайырбекұлына

Алпыста аш бөрідей айбаттанған,  
Қаласа қара нардай қайраттанған.  
Бірісін ата қазақ ұрпағының,  
Брке ұлы, әлпештеген әйбат ғалам.

Саркыты өзін десем мұным анық,  
Кей мешкей ішті-жеді, болды қарық.  
Қалтаң мен таза ұстадың қазаныңды,  
Еңбек пен тапқаныңды қарың талып.  
Қанағат, шүкір, тәуба деген едің,  
Теңкиген жұғын жалап тегененің.  
Талайлар осы күнде шала құрсақ,  
Көрмедім ел жегеннің көгергенің.  
Аз емес ағайынға тиген пайдан,  
Атынды сол да шығар жұртқа жайған.  
Байеке өскініңе өмір берсін,  
Бұлардың Сіз болмағы қайдам... қайдам.  
Байеке, бәйбішеңіз, немереңіз,  
Аман болсын

ұрпақпен көгереміз.

Серкемді қайырдыңыз есесімен  
Ұмытып жүргендер бар  
не дер еңіз.

Алпысқа басқан сәтте құтты қадам,

Байеке, қуат берсін тәңірім саған.  
Тағы да бір отыз жыл жүздесейік,  
Иншалла, дәл осыған жетет шамаң.

### Өмірзақ Жәкеұлына

Тағдыр шіркін пендеге таратқан ғой үлесін,  
Қуанышын, қайғысын, ырысы мен күресін,  
Балшық басқан аттай-ақ пешенені жазылған,  
Шыр айналып шеңберде өмір бойы жүресін.  
Күлкін мұңға айналар сұрқай сәт те жетерлік,  
Қуаныш пен қайғыға кетет адам еті өліп.  
Сүрінгенде оңбай бір иә аллалап, о тәуба-ай,  
Ұмтыласың тағы алға үміт туын көтеріп,  
Үміт шіркін пенденің мәңгі өшпейтін шырағы.  
Өше жаздап жалпылдап қалт-күлт етіп тұрады.  
Өмір жарыс жолына бірге қосқан жүйрігін.  
Талайлардың дүние-ай тұлпарлары құлады.  
Олар сенен ей, Өмке,  
Кем еді деп айта алман,  
Көз алдымнан ғайып боп кетті талай майталман.  
Тәңір саған тірліктің ақ таңдарын сый етіп,  
Өмір жолда сонан соң жорғаң сенің тайпалған.  
Оза шауып бәйге алып шықпасаң да қияға,  
Береке, бақыт дарыды сенің құйттай ұяңа.  
Ақсақалдық дәуірге бет бұрғанда керуенің,  
Шыныңды айтшы ей, Өмке, жастықты адам қия ма?!  
Қимасаңда өмірдің сол бір алтын кезенің,  
Кім тоқтатпақ тірліктің күркіреген өзенің.  
Тәуба дегін ей Өмке,  
Ұрпақ өсіп бұл күнде,  
Немерелі, жиенді келді болар кезегін.  
Еңбекті емнің әмәнда ырысыңның қайнары,

Аз дәулетің қалқыған бейнетіңнің қаймағы.  
Зейнетіңе айналып арасында ұрпақтың,  
Күтсін сені сан жылдар қуанышты, жайдары.

### Молда

*(Қабиден Әлменбайұлына)*

Тырс-тырс еткен ташбығыңның тастары,  
Мені өткен ғасырларға бастады.  
Биік болған сол кезде қазекеннің аспаны.  
Әулие абыз,  
Қарттарыңның жас жаны.  
Той өтетін,  
Берілетін ас тағы,  
Шежірелі шертілетін дастаны.  
Ораза ұстап,  
Намаз оқып жастары,  
Көрінбейтін әйелдердің шаштары.  
Соның бәрі мирас болып балаға,  
Қалмап па еді бабалардан жан аға.  
... Дін апиын, сіңірмейік санаға,  
Жол беріңдер деп дүрліккен жаңаға.  
Жандарды,  
Мен отырғам жоқ сөккелі,  
Бәріне де Құдай төре көктегі.  
Осы күнге көп діндарлар жетпеді,  
Қуғын көріп қаншамасы шеттеді.  
Заман сырын,  
Адам құлқын ұғалық,  
Салынбасын деп тілейік,  
Енді дінге бұғалық.  
Табысканда өткенімен бұ халық,  
Рухына бабалардың,  
Біз де дұға қылалық.

## Досқа сыр

(Балтабай Әлкенұлы Әлкеновке)

Есік бағып еңсемді түсірмедім,  
Көп нәрсеге жетпеді күшім менің.  
Үзілуге үмітім шақ қалғанда,  
Қол созғанын жанымды түсінгенің.

Дос қарызын десек те ақтағаның,  
(Көре-тұра кей достың сақтанғаның).  
Есіл ер-ай көлденең тартқан едің,  
Қарсы алдыма тірліктің Ақтабаның.  
Өткен өтті,  
Уақыт алмасуда.  
Ентелейміз ертенге, алға асуға,  
Шыңға шығып шарықтап кеткендер бар,  
Шың түгілі шықпадық жар басына.

Шүкір, шүкір,  
Өзгені күндемедік.  
Кейісек те тәңірді тілдемедік,  
Ашысын да тірліктің тұшсыын да,  
Татқан едік, біреудей білген едік.  
Естіп кейде «пәлендей досым барын»,  
Шынымды айтсам сасамын,  
Тосыламын.  
Түсіре алмай тәңірім-ай дал боламын,  
Есімдерін есіме осылардың.  
Сондай сәтті өзінді аңсадым шын,  
Сағынышпен сынадым төзім күшің.  
Төкаппар жан төріме өрлемедің,  
Бас тіксең де бір кезде досын үшін.  
Соның құнын өзгедей «дауламадың»,  
Маған мәлім,

Сен қулық саумағаның.  
Қайда жүрсен адал дос тілер едім,  
Тірлік туы басыңнан аумағаның.

### Тұлға

*(Хабдыжәлел Барханұлы Мағзұмовқа)*

Артыңызда із қалып шиырланған,  
Бала күннен бастады киырға арман.  
Бабалардың рухы шапағаты,  
Ақ сәуле боп әмәнда құйылды алдан.  
Құйылды алдан бастады биіктерге,  
Аз болмады , қуаныш , күйіктерде.  
Шежіресі Мақанның немересі,  
Тұлға атандың бұл күнде сүйікті елге.  
Сенен көрем тектінің тектілігін,  
Шындықты айтар желпінің жетті күнім.  
Ірге бөлген құдайды тілдегеннен,  
Азаматтық ерлігін, беттілігін.  
Жәлеш інім ұрпаққа болсын мирас,  
Адал дос, арлы азамат, іні қимас.  
Келешегін Маржанмен кемел болсын,  
Аққан қарсы жылдарға құшағынды аш.  
Құштарлан, ұмтыл алға, ұмтыл алға,  
Шежіресін Мақанның өрі жалға.  
Шаңырағынды тербесін мәңгі шаттық  
Бақыт құшып сәлем бер “90” шалға.

## Ардақ тұтам мен сені

(Арман Қаниға)

Шындықты іздеп шыр жүкпай,  
Шартарапқа шарк ұрған.  
Жан сырынды жүрді ұкпай,  
Ергендерде артыңнан.

Сөйтіп жүріп Ареке,  
Қағылдың сан шүленнен,  
Саған ерген кейбіреу,  
Бастық болып шіренген.  
Қысқанын да шөміштен,  
Бір кісідей білем мен.

Өкінбедің өткенге,  
Тайынбадың күрестен.  
Таяқ жедің «өткелде»,  
Шығармайық мұны естен.

Елдің арын арлаған,  
Ақын бауырым, ардағым.  
Тәуелсіздік арман-ән,  
Күресте жеңіп алғаның.  
Құтты болсын мәңгілік,  
Казкрайдың тентегі.  
Есімінді ән қылып,  
Ардақ тұтам мен сені.

## Бибіғайша Шәймерден келініне

- Жөн қарғам ағаң жайлы сұрағаның,  
деп жеңгей ойға батып, аз іркілген.  
тойы еді елге сыйлы бір ағаның,  
Сол тойға мен де бардым қыз-қырқынмен.  
Сол тойда ағаңды алғаш көрген едім,  
Жүректі әуезді әні баурап алған.  
Адал жар болуға серт берген едім,  
Сол сертпен шүкір тәубе, өтті жалған.  
Апталап, айлап үйде болмайтұғын,  
Әнімен сусындатып ынтық елін.  
Ән салып, кейде қиса толғайтұғын.  
Ағытып, ағындатып жырдың селін.  
Сағынып оралатын құлындарын,  
Есімде елжіреген сол бір кезен.  
Сүйсініп Құралайдың тыңдап әнін,  
Дейтін ет – «күні ертең тасыр өзен».  
Айтқаны айдай келді арысымның...  
Биекең сыр актарды өткенінен.  
Шуақты жылдарының жартысы мұң,  
Көп екен жетпегені жеткенінен.  
Сонда да тәубасынан жаңылмаған,  
Жаралы жарын күтіп, бала өсірген.  
Биеке, әнші жары жалындаған,  
Таныдық өзіңді біз кешігіп.  
Таныдық тал бойыңнан ұлылықты,  
Тапшылық, таршылықты жеңе білген,  
Таныдық күн шуақты жылылықты,  
Өркендеп, ұрпағыңмен өсіп, гүлден.

**Бақыл бол**  
(*Аманкелді Хасенұлына*)

Үзілмес кезде үзіліп,  
Қиылмас кезде қиылдың.  
Жанарда жасы түзіліп...  
Досыңның ұғар күйін кім.  
Құрдасым қырды бірге асқан,  
Жарысып тентек желменен.  
Ортақ ед өмір, жыр-дастан,  
Көтердік енсе елменен.  
Жадаулық тірлік бастағы,  
Көрсек те бірдей жетімдік,  
Ашылып өмір аспаны  
О, тоба, біз де жетілдік.  
Болдық та үйлі-баранды,  
Жалғыздық бізден шегінді.  
Әлдилеп өптің баланды...  
Түсірер ме едің келінді.  
Жазбады алла көруге  
Ұлғайған жалғас тегінді.  
Жарқ етіп тағдыр найзағай,  
Құладың алып терегім.  
Елуден аспай арман-ай,  
Өзі алды алла керегін.  
Жаратқан алла жарылғап,  
Ұрпақтың болсын көңілі хош.  
Қыл өтпей кеткен арадан,  
Бақыл бол, қимас асыл дос,  
Бақыл бол, қимас асыл дос.

## Жакпар, жакпар тастарда сұлулық бар

триптих

(Мурат Дүйсенбайұлы Рахметовке)

... Сіз жайлы жыр жазбақ  
ой сірә жоқ еді,  
Кенеттен жыр маздақ  
алаулай жөнелді.  
Ой тәңір, тербеген  
айдыңға бұрқанған,  
Салып мен отырмын  
жыр атты кемеңі.

1.

Уақыт аумалы-төкпелі,  
/Кей пенде тәңірге өкпелі/  
Кешігіп мейірім көктемі,  
Қырсықтың кұрсаулап  
көк сені,  
Жанымды  
Алапат мұз қырау кұрсаған,  
Көңілім риза бір саған.  
Танытып елдікті,  
Шарт түйіп белдікті,  
Түргізген білекті,  
Қажыр мен қайратың жұмсаған,  
Берді аға жемісін  
Өзінді.  
Тану мен ұғыну мен үшін  
Оңайға сокпаған...  
Беймаза тұрқыңды,  
Іс үшін бұрқанған.  
Бағамдап сыртыңды  
Ішіңе үңілмей



Дала жатты азалы үнге түншығып,  
Көкжиекке көтерілген күн шығып.  
Қара тастан

қара қанды аққан саулап судайын  
Көрген сөтте кірді бұлтқа бұлқынып.  
Көп ұзамай жанарынан жас тамып,  
Аза жанбыр

азан-қазан кете барды басталып.  
Табанға сап көзсіз кезең ел ардағын таптаған,  
Кете барған шаш орнына басты алып,  
Өтті ақыры сан тағдырға  
у сойқы ізін қалдырып.

Қанат қаққан қияндарға  
ақ қанатын арманының талдырып,  
Өтті ақыры  
Зілді заман өнін бермей безерген  
Ардағымның өңменіне  
отты қару кезенген.

Сол дәуірдің  
Солқылдата соққан қайың құрығын,  
Бетсіздерден  
іргем аулақ безем мен.

Десемдағы,  
Өз қолымды өзім қалай кесермін,  
Терең тамыр тартқан осы кеселдің.  
Әлі талай сезсемдағы аяғымнан шаларын,  
Үміт отын жігерлене көседім.  
Қанды тырнақ босатқанда шенгелін,  
Сенсең аға, сең соққандай сенделдім.  
Қуанышым көкірегіме ыстық жас боп құйылып,  
Тілегіне тілек қостым мен де елдің.

## 4. Қара тасын

Қара тасын  
 Біздер туған мына байтақ даланың.  
 Перзентіне жер-ананың баладым.  
 Күз жартастар мінездегі өрлігім,  
 Шындар анау қияндарға  
 Қадалатын жанарым.  
 Содан ба екен.  
 Шың, күздарды алыс жүрсем сағынам.  
 Қара тасы бой тұмарым  
 Өзге жұрттың ақ мәрмәрін не қылам.  
 Қара тасым күй тербетіп алдымнан,  
 Тұрғандайын әрқайсысы салып ән.

## 5.

Қара тасқа  
 Мүсіншінің сырын шертсе шапқысы  
 Безе қашнай  
 Шыңылына шыдайды екен шақ кісі.  
 Жансыз тасты қырнап, жонып, бір қалыпқа келтірген,  
 Хас шебердің аңсай күткен бақ құсы,  
 Төбесінде сәті ме екен қалықтаған бұл сірә,  
 Шомбал тасты балшықша илеп көндірген де ырқына.  
 Маңдайынан моншақ-моншақ тер саулап,  
 Мүсіншінің тұрқына сүйсінді жұрт.  
 Сырт бақылап ұзақ тұрдым қасында,  
 Жұмбақ мүсін сыр сымбаты ашыла...  
 Бұқар жырау бабам болып о тәубә,  
 Оралғанба туған жерге асыға.  
 Деген ойға пенделікпен берілгем,  
 Сенсең аға көз алдымда керілген,  
 Байтақ дала әулиеге тәуәп қып,  
 Шың, күздарым  
 бас игендей көрінген.

## САҚАЛЫМДА МАЙ ЖОҚ ПА

«Сақалымда ... май жоқ па?»

Бірде Құттыбайдың Бақтыбайы Баянға боқырау жәрменкесіне бармақ болып жолға шығады. Оның қасына Қабиден, Өмірбек атты аталас інілері ілеседі. Өгіз арбаға азды-көпті жүктерін артқан олар жон арқасы пышак жанығандай, мың салсаң бір баспайтын пар өгізді кезектесе жетектеп, арбаның соңына ереді.

«Қойтас» пен Баянның арасына ел сирек қоныстанған (қазірде солай), жолдың көп бөлігі сайын даламен өтеді. Азық-түліктің де тапшы кезі ғой, жолда аяқ суытып, ат шалдырған жерде бәйбішесі жолға деп орап берген азғана азық-түлігін екі інісімен бөлісе жеген Бақан ұзақ жүрістен қалжырап, қарны аша бастаған соң :

- Сендерде жейтін ештеңе жоқ па, - деп сұрапты.

- Менде нан бар, - дейді Сейіттің Қабидені.

- Құрғақ нанды қалай жейміз. Осы сөт Қабиден Бақаға өгіз жетектеп алда келе жатқан Өмірбекті нұсқап.

- Өмірбектің сатуға алып шыққан бір қарын майы бар. Мана мен өзіне жеке айтып көріп ем маңайлатпады: Бақа, сіз сұрап көріңізші, бәлкім ұялып, берер депті.

Бақаң, әй, Өмірбек бізде нан бар, майды сен шығар, азықтанып алайық, - дейді. Анау:

- Атамаңыз Бақа, сатуға апара жатқан азғантай майды сұрағаныңыз не, - деп, азарда-безер болады. Тіпті, ақшасын төлейін десе де илігер түрі болмапты. Одан күдер үзген Бақаң Қабиденге енді бір ебін өзін тап, қарағым, деп сыбыр етеді. Сол-ақ екен Қабиден арбаның үстіндегі қол жәшіктің кілтін иесіне байқатпай бұзып, майынан томырып алып, екеуі нанға жағып жеп, іштеріне ел қондырады. Әлден соң Қабиденнің өгіз жетектейтін кезегі келген тұста Бақаң Өмірбекке естірте.

- Әй, Қабиден, әй, Қабиден, сақалымда май жоқ па қарашы, - деп сұрапты.

Мұны естіген Өмкең қап, деп санын бірақ соқса керек.

### «Өмірбектің аузы желді көрік қой»

Бірде Бақаңдар кіре тартып келе жатқанда қалың жаңбырға тап болып, үсті-бастары малмандай су болады, жүрістері өнбейді.

- Қоналқаға осыдан артық жер болмас, ана тоғайдың жанына тоқтайық, сендер құрғақ ағаш тауып алып келіп, от жағындар, дейді Бақаң жолдастарына. Жаңбырдың қатты жауғандығы соншалық, талай жылғы қу ағаштар да су болып қалған екен. Су отынды тұтата алмай жігіттер әбден әуре-сарсаңға түседі. Отты тұтатпақ болып кезек-кезек үрлеген жігіттердің көздеріне ащы түгін толып, қақалып, шашалып, берекелері кетеді. Сонда Өмкеннің өзгелерден сырттау тұрғанын байқап қалған Бақаң :

- Әй, шірік итгер, былай тұрыңдар қане. Бұл отты тұтатса мына Көшжасардың Өмірбегі ғана тұтатады, мұның аузы желді көрік қой деген екен.

### «Әмірханский әтеш... өле ме»

Бақаң базар аралап келе жатса бір орыс қолындағы әтешін көкке көтеріп, «покупайте, покупайте, амереканский петух» деп айқалап тұрыпты. Оған бірден назар аударған Бақаң жанындағы жолдастарынан мынау не дейді, деп сұрапты.

- Тәйір-ай, не деуші еді, тантип қолындағы әтешін американың әтеші деп тұр, - депті жанындағылардың бірі. Мұны естіген Бақаң әлгі орыстың жанына жетіп барып :

- Тамыр, әтешінді маған сат деп жат та жабысады.  
Қасындағы ауылдастары

- Ойбай, Бақа, әтешті қайтесің, үйінде тіпті тауық та жоқ қой десе.

- Саспандар, депті Бақаң жайымен, біздің үйде әмірханский әтеш бар екенін сезсе сендердің тауықтарын өз әтештерін көз көрмеске қуып тастап, құт-құттап біздің қораны төңіректемей ме, сонан соң тауықтарыңды кимасандар да келер жылы әрқайсын бір-бір ұя балапан бастыртып берсендер біздің үй тауықтың астында қалмай ма, - деп әлгі әтешті сатып алыпты.

Содан қайтар жолда қарлы боран соғып, жолаушылар Бақанның әтешімен істері болмай, әрқайсысы өздерімен өздері әуре болып кетсе керек. Ақыры олар ауылға да жетеді. Бақаң әтешін шештіріп алып үйіне қарай беттегенде қарсы алып тұрған бәйбішесі, тағы да басқа ауылдастары :

- Бақа-ау, андағы әтешіңіз өліп қалғаннан сау ма өзі, - деп сұраса ол кісі жайымен ғана :

- Сендерге әмірханский әтеш өледі деп кім айтты, сәл мызғып кеткен шығар, - деп болмастан үйіне алып кіріпті. Бірер сағаттан соң өзінің де оның сәл емес мәңгілікке мызғып кеткеніне көзі жетіп.

- Қап, әттеген-ай, әмірханский әтеш дәл осылай аяқ астында тырапай асады деп кім ойлаған, - депті басын өкіне шайқап.

### «Ойының адал»

Бақаң атбегілік, саудагерлік сияқты өнерді шебер менгерумен қатар қарғаны да бір кісідей ойнайды екен. Бірде оның бір шаруаның ретімен сауып отырған жалғыз сиырын сатып ақшалап алғанын естіген ауылдың жас талап қарташылары Бақаңда кетіп жүрген еселерін қайтару

мақсатында оны іздеп барып, қарта ойнауға жиналады. Олардың ішіндегі естияр қуларының бірі:

«Әй, жігіттер, Бақаң бізге таза ойнасақ тағы да теңдік бермес, онанда бір амалын қарастырайық, - деп ұсыныс жасайды. Өзара ақылдаса келіп қарта ойнауға төрінде үлкен шар айна ілулі тұрған үйдің бірін тандайды. Төрге, әлгі айнаның алдына Бақаңды отырғызады. Ойын басталып кетеді. Қалай жүрсе де Бақаңның қолын оның артында тұрған айнадан алақандағыдай көріп отырған қулар қиып түсе беріпті. Сонда Бақаң бұлардың шебер ойнағандарына сүйсінгендігі соншалық.

- Пәлі, пәлі, балалар, ойындарын адал, деп бір сиырдың ақшасын қабақ шытпастан ұттырып жіберген екен.

### «Бұдан да бір қайыр»

... Бақаңның көршісі Бүркітбайдың Жәкесінің жыл шыққалы тұрған семіз өгізі аяқ астында пышаққа ілінеді. Содан көршісі Бақа, мына малымды іс қылып беріңіз, - деп қыңқылдап қолқа сала берсе керек. Өгізді сойдыртып, етін шанаға артқан Бақаң мен Жәкенің әйелі Бижамал сол кездегі өндіріс орны – Жосалыға апарып сатпақ болып жолға шығады. Бижамалды ет артқан шанаға мінгізіп, Бақаң өзі салт атпен соңынан ереді. Былай шыға мойнынан жыл бойы мойынағаш арылып көрмеген, сіңіріне сүрінгелі тұрған арық өгіз жеткен жерім осы дегендей жол ортасына жата кетеді. Оны бас жібімен олай жетектеп, былай жетектеп, ұрып-соғып, тұрғыза алмай қалжыраған жолаушылар бір-біріне қарасады. Сол сәт әлде не есіне түскендей Бақаң Бижамалға:

- Келін, қарағым қалғанда сірінке жоқ па, - деп сұрапты.

- Бар, оны қайтесіз.

- Онда шананың үстіндегі шөптің бір уысын шиыршықтап алып соны өгіздің құйымшағының арасына қыстырып сірінке тарт, сонан соң тұрмаған әуселесін көрейін, - дейді Бақан.

Солай істеуі мұң екен манадан ілбіп басып, келе жатқан өгіз орнынан өкіре-бақыра ата тұрып, шананы бұйым құрлы көрмей, ала жөнеледі. Тек біраздан соң екпіні басылып, екі бүйірі солқылдап, тағы да жатып қалады.

- Келін, тәсіліне көш, тағы бір орғытсақ Жосалының да төбесі көрініп қалады, - дейді Бақан сеніммен.

Бұл жолы Бижамал шөпті манағыдан да көптеу шиыршықтап, өгіздің құйымшағына қыстырып сірінке тұтатады. Құрғақ шөп алаулай жана жөнелгенде өгіз жатқан орнынан шорши ата тұрып, ұраны ұра, жыраны жыра демей есі шыға өкіріп-бақырып тарта жөнеледі. Сондай бір сәтте шана жалт бұрылғанда Бижамал жерге ұшып түседі. Сол сәтте ғана жолаушылар шананың үстіндегі шөп пен етке от тигенін, оның қара түтіні будақтап алаулап жанып бара жатқанын көреді.

Сәтін салғанда мойынағашын сындырған өгіз лапылдап жанған шанадан аулақ кетіп үлгерген еді.

Өздері сайындалада қалып, шаналары мен еттері жанып естері шыққан сол сәтте де Бақан сабырлы қалпын сақтап:

- Келінжан қарағым, жылама, бұдан да бір қайыр, - деген екен.

## «Күлпәт жылда жиырма бесте»



Үлкен ауыл, іргелі елдің өзінде кісі түсетін үйлер әлімсақтан-ақ саусақпен санарлық. Сондай кісі түсетін үйлердің бірі сонау жылдары Жәнібектің Айтмағанбетінің үйі еді деседі көз көргендер.

Бірде сол Айтекеңнің үйіне Бәженейдің Қайырбегі (суретте) бір топ жолдас-жораларымен келіп түсіпті. Үй иелері бұларды хал-қадірлерінше күтіп алып, құрмет көрсетеді. «Қонақ аз отырып көп сынайды» деген емес пе, Кәкәңнің жолдастарының біріне әлгі үйдің төсек-орнының, аяқ-табағының тазалығы, әсіресе Күлпәттің үстіне киген сәнді киімі мен басқа әйелдерге қарағанда азаматтардың әңгімесіне орнымен араласып, отыратындығы ұнап қалса керек, жолда келе жатып Кәкәңнен.

- Апырай, жаңағы үйдегі замандас қай жастағы адам, деп сұрапты.

Сонда Кәкәң.

- Біздің Күлпәт жылда жиырма бесте, деген екен.

## «Үстірт бітірген сиірт»

Соғыс салған жараның орны әлі де удай ашып, көңілді мәңгі тарқамастай мұң торлағанымен, Ұлы Жеңіс ел жүрегіндегі үміт отын тұтатып, еңсесін кәдімгідей-ақ көтеріп тастаған кезі еді. Аудан орталығында әлде бір келелі кеңес болып, соған колхоз бастығы Қайырбек пен озат шопан Ырысбек шақырылышты. Жиналыстан соң бұлар түскен үйлеріне ат басын бұрады. Үй иелері дастарқан жайып, бар ниеттерімен қарсы алады. Сол кезде

қалыптаса бастаған дәстүрмен дастарқанға сыра мен арақ та әкелінеді. Ырысбек ақсақал олардың бірде-бірін татып алмайды, тіпті Ұлы Жеңістің құрметіне ептеп ауыз тиіңіз енді дегендерге :

- Қарағым, маған, қарт адамға арақ іш дегендерін не, деп илікпей-ақ қойған екен. Сонан үй иесі, ақсақал, сырасы да, арағы да бар болсын, сіздің оларды ішпегеніңіз жөн, біздің үйде зәмзәмнің суынан жасалған спирт бар еді содан ауыз тиіңіз енді, деп қиылады.

Көңілшек қарт.

- Қарағым-ай, қоймадың ғой енді, зәмзәмнің суы болса ішсем ішейін десе керек...

Біреп күннен кейін Қайырбекке кездескен ол.

- Әй, Кәке, әнәүгүңгі спирттеріннен кейін маған үстірт бітті-ау деймін, тіпті ауылға келгенге дейін қызуым тарқамай, қотанда ерсіл-қарсыл шаба беріппін, шаба беріппін, тек жеңген көріп қалып аттан түсіріп алып абырой болды, деген екен.

### Диуанадан жыны басым ба, қалай...

Үйге кіріп келе жатқан ұзын бойлы, теке көз, сидам, сирек сақалды, қайыс кара шал мен соңына ілескен орта жастағы әйелге бей-жай қарап отырған басым, жаңағы шалы бар болғыр «их», «их» деп қылғына дыбыстап, теке көздерін шамадан тыс адырайтып, ойнатып, қолындағы ұзын таяғымен кара жерді қақыратып жіберердей нұқып, қалт-құлт етіп дірілдеп, аузынан ақ көбік ақтарып «ah, ah» деп ышқына зікір салғанда шоқ басқандай шошынғаным соншалық, жылауға шақ қалдым,

-Бұл кісі кара диуана ғой. Нағашы апам Бақыт Күмісбекқызының дауысы мейлінше орнықты, сабырлы шыққан. Сол сәтте қорқатын ештеңе жоқ екеніне көзім

жеткен мен диуананың әр қимылына назар аударып, көз тоқтатып, әлден соң оны іштей қайталай бастадым.

Дастархан жайылып, стол басына жайғасқан тұста диуанамен жарыса мен де көзімді ақшаңдатып, иығымды ұшатын құстай қомдап, қозғап қиғылыққа басып шыға келдім. Тіпті, столды төңкеріп жібере жаздадым.

Осы әрекеттің үстінде үйге нағашым Бәженейдің Қайырбегі келіп кіргенін байқамай қалыпшын.

-Бақыт үйге енген диуана біреу сияқты еді, әп-сәтте екеу болған ба? Мына бала диуананың жыны үлкен диуанадан да басым ба, қалай? – деп сұрағанда, ұялғаннан кірерге жер тапшағаным.

**“Қызметің құтты болсын... пұшық шалым!”**

Бірде Күлдірдің Зейтіні үйіне бір топ адамды қонаққа шақырды. Қонақтардың бас-аяғы жиналғанша карта ойнай тұрайық,- дейді солардың бірі. Үстел үстіне газет төселіп сартта – сұрт ойын басталып кетеді. Көп ұзамай-ақ үй иесі Зекеңнің қолы шығып ұта бастайды. Аяқ астынан айдарынан жел есіп, қоңілі көтерілген Зекең өзінің ежелгі одетімен Қызметін құтты болсын, пұшық шалым,- деп әндете жөнеледі. Сөйтсе шақырған меймандардың бірінің танауы сетік екен. Құдай қас қылғанда әлгі Зекеңнің ту сыртынан келіп, қолындағы картасына көз салып тұрса керек. Жұрт ду күлгенде әлгі өз-өзінен шамданып, әйеліне: Киін, кетеміз, - деп жұлынып жұрттың, Зекеңнің басу сөзін құлағына да ілмей өкпелеп кетіп қалыпты.

Көп кешікпей Зекең жанағы кісіден кешірім өтініп, қонаққа қайта шақырады. Дастархан жайылып, дәм алдарына келгенде жанағы:

- Зейтін бізден басқа қонақтарың жоқ па еді, тоса тұрмадық па? – деп сұрапты.

Сонда Зекең:

- Жоқ. Бұл жолы сіздерден басқа ешкімді де шақыртқаным жоқ. Шақырайын десем көбінің карта ойнайтын жыны бар. Қызып кетіп тағы да қызметің құтты болсын, пұшық шалым,- деп қалып , сізді тіпті ренжітіп алармын, - деп қорықтым деген екен.

### «Құдай сақтап...»

Сонау бір жылдары ағайынның топырақты өліміне бата жасағанда, кіндік шеше атанып нәрестенің кіндігін кесіп, қалау қалағанда ауыл адамдары малдарын сойып апарады екен. Сондай бір сапарға Ықылас ақсақал да әзірлік жасайды. Қойын сойып, етін сорғысын деп терісінің үстіне жайып қойған ол бірер шыны шай ішіп, шөлін баспақ болып үйге кіреді. Содан шайды қанып ішіп, сыртқа шыққан ол қораның есігінің аңырайып ашық жатқанын көріп, ішінде өзара ырылдасқан иттердің дауысын естіп жүгіріп келсе ауыл иттері сойылған қойдың етін паршалап-ақ тастаған екен. Тек жоғарыға ілінген төс пен қора бұрышына тастай салынған бас қана аман қалыпты. Мұны көріп есі шығып, үйге қарай жүгірген Ықаң бәйбішесіне :

- Иттер қойдың етін түгелге дерлік туталақайын шығарышты, тек сен ренжи көрме, құдай сақтап басы, құдай сақтап төсі қалыпты, деген екен.

### «Көк бұқаға да, үкіметке де...»

Аудан орталығындағы ауруханаға өзі бағып жүрген табындағы көк бұқа сүзіп, бірер бұғанасы шытынап, қабырғалары сынып ауыр халде түскен Ықыласты дәрігерлер емдеп жазып, қатарға қосумен қатар жасы

жеткен адам ретінде зейнет ақысын қуып алуға құжаттарын әзірлеп, көмектессе керек.

Өмір бойы «Большевик» колхозында еңбек етіп, жасы әлдеқашан пайғамбар жасынан асып кетсе де зейнеткерлікке шыға алмай (совхоз құрылғанға дейін колхозшылар зейнетақы алған емес және оны қуудың жолын да біле бермейтін) ең бастысы «тірі ақшаны» түсінде ғана көріп, өңінде сирек ұстайтын Ықан зейнетақысын алғанда

- Е, жаратқан, бергеніне мың шүкір, зейнеткер атандырып, осы халге жеткізіп, шытырлатып ақша санаттырған көк бұқаға да, үкіметке де... қала берді әлгі дәрігер балаларға да көп рахмет депті дейді.

### «Астауларыңды алмай түскендерің не»

Қ.Сәтбаев атындағы совхоздың тұрғыны Мәди Қалиұлының қарындасы хал үстінде Семізбұғыдағы ауруханаға түседі. Бірде ол сол қарындасының халін біліп, көңілін сұрап қайтуға бармақшы болады. Оған күйеу баласы Мәражан, жиендері Тұяқ, Төлеутай, туысы Зейдеакпар ере шығыпты.

Жолға аналар біреп шиша арақ алып шыққан екен. Соларын ақсақалдың көзінше ішуге ұялып, жол бойғы бұлақтардан машинаға су құйған, әлде нені жөндеген болып жиі-жиі тоқтай беріпті.

Бұлардың ауылдан шықпай жатып үсті-үстіне ішкендерін іштей ұнатпаса да сыр бермей, тіпті ештенені сезбей отырған сыңай танытқан Мәдіағаң келесі бір жерге тоқтап, аналар тағы да бұлаққа беттегенде :

- Қарақтарым-ау, әлгі су ішетін астауларыңды алмай түскендерің не, суды немен ішпексіндер, деп сұрапты. Сөйтсе аналар стақан болмағандықтан арақты реленін

қобдишасына құйып ішіп, қыза келе оны кабинада ұмыт қалдырыпты.

### «Қызыл қуып... ақ қашқан»

Бірде Қарсақбай мен Боранбай аудан орталығында тұратын бажаларының үйіне ат басын тірейді. Сол тұста күні кеше ғана дүкен сөрелерінде тұр-түрімен қолдың саласындай болып самсап тұратын арақ шіркіннің көзден бұлбұл ұшқан кезі екен. Келген қонаққа арақ құймау айыппен пара-парлығы тағы бар, сондықтан қайын апалары қатты абыржып, олай жүгіріп, былай жүгіріп арақ таппай қиналды. Содан соң не істейміз, деп үй иесіне айтса керек. Сонда ол тұрып.

- Тіпті, қызыл арақ та жоқ па, - деп сұрапты.

- Бар, әйтседе қызыл арақ... қалай болар екен.

- Дастарқанды жаса да сол қызыл арақтарыңды әкел, содан кейінгісін көре жатармыз.

Табак тартылып, арақ құйыла бастағанда үй иесі әлденеге таңданғандай кейіпте.

- Опырай, екеуін жүріп-жүріп біздің үйге қызыл қуып, ақ қашқан күні келгендеріңді қарашы-ей, дегенмен өкінші жоқ, бүгін былай, ертең олай дегендей аумалы-төкпелі заман ғой, тіршілік болса ақ қуып, қызыл қашқан күні де келерсіңдер, ал әзірше андағыларыңды алып қойыңдар, депті.

### «Текті тентек»

Жол тосып тұрған Әусалық ақсақал бір жүк машинасын тоқтатып соған мінеді.

Жол үстінде машина қорабында бірге келе жатқан сапарлас серігі ер тұлғалы, кесек бітімді жігітпен жөн

сұрасады. Оның аты-жөнін естіген сәт Әукең бетіне бажырая қарап.

- Апырай, осы сен расында да Жетпісбайдың Салығымысың, сені билетіндер қазан бұзар тентек деуші еді, бұл құдайдың сандалатып саған жолықтыруын қарашы-ей, ажалым сенен болмаса жарар еді, дейді қояндай қалтырап.

Сәкең оның сөзін естісе де естімеген болып төмен қарап үндемей отырып қалыпты. Тек түн ортасы ауа баратын ауылына жеткен тұста Әукеңді жүргізушіге айтып, іздеп келе жатқан ағайынының үйінің есігінің алдына апартып түсіртіп, жылы қоштасып жүріп кетеді.

Кейіннен осы жайды ара-тұра есіне алып Әукең.

- Осы жұрт Салықты тентек дейді, тентек болса да текті екен, Құдай аманаты жөн-жосықсыз соқтықсам да ләм-мим деп тіс жармады-ау, азаматым, деп сүйсіне әңгімелеп отыратын.

### **«Тәйірі, молда еріге береді»**

Марқұмды оң жаққа салып жайғастырған соң молда мына Сетейдің шешесі құдай нағыз жарылқаған адам екен, сәрсенбіде көз жұмды, құдай қаласа жұмаға жамбасы жерге тимек. Ол бір, ең бастысы оразаның ішінде актық демі таусылып отыр ғой, е жалған дей келіп, төрде отырған Шәрбән мен Шалатайға қарап:

- Бұл марқұм кімдеріңіз еді, деп сұраған.

- Құдағиымыз, деген Шәрбән, ескіден қалған бір көзі еді, жарықтық айтары жоқ ғажап адам еді ғой, сонысына қарай құдай жарылқады, депті көзіне жас алып.

- Солай деніз, деген молда аз-кем ойланып барып, Алла тағала құдағиларыңыздың ақ жолын сіздерге де несіп етсін, илләһи әмин, деніздер, деп бірнеше рет қайталады.

Ол қанша үзір-мәзір болса да бәйбішелер оның сөзін елемей, естімеген сыңай танытып, өзара қызу әңгімеге кіріскен. Молда далаға шығып кеткенде отырғандардың бірі екі бәйбішеге :

- Жайшылықта молданың әр сөзіне илләһи әмин, илләһи әмин айтқаныңыз келсін деп жарысып, ауыз жаппаушы едіңіздер, құдағидың ақ жолын сіздерге берсін дегенде үндеріңіздің шықпай қалғаны қалай, деп сұраған еді.

- Е, тәйірі, молда еріге береді, деді Шәрбән күле сөйлеп. Әйтпесе, құдағиларыңның артынан аттаныңдар дегені не сандалғаны.

### «Өгіз жеккен Ғинаят...»

Кезінде ауданда жүлдеден жүлде, орденнен орден қоймаған, тіпті аудан, облысты былай қойып, кең-байтақ республикаға аты шыққан әйгілі еңбеккер ағаларымыздың бірі Ғинаят Сейфуллин де жігіт кезінде күш көлігімен жемшөп дайындайтын пішеншілер бригадасында біршама еңбек еткені бар. Ал бұл бригаданы ауыл ақыны Садық Сапабеков басқаратын.

Жемшөп дайындаудың алғашқы күнінен-ақ Ғинаят өзінің іске ықияттылығымен, ерінбейтін еңбеккерлігімен көзге түсті. Ол жұртты тоспай жұмысқа ерте кетіп, кеш келетін. Сонысына сай ісі де өнікті еді. Жас жігіттің еңбекқорлығына, ықиятталығына риза болған Садық:

Коммунизм болғанша

Өгіз жеккен Ғинаят,

Жұрт шай ішіп болғанда,

Әрең жеткен Ғинаят,-

деп оған өлен арнаған болатын.

Жас күнімде жадыма жатталып қалған осы бір өлең жолы таяуда ойда жоқта есіме оралғаны. Өлең жолдарын қайталай отырып, айран-асыр таңқалғаным. Бәрінен де бұрын мені таңқалдырып, ой салған Сәкеннің «Коммунизм болғанша өгіз жеккен Ғиянат» деген сөзі еді. Ақынның осы жол арқылы сол кездегі өмір шындығын бейнелегені сөзсіз, әйтседе... Осы өлеңнің астарында ауыл ақынының коммунизм құрамыз деп алашапқын болып екіленіп, екпіндеп жүрген замандастарына арнаған ащы әжуа, мырс еткен мысқылы жатқандай көрінеді маған.

### Жүзінді кім білсін... 97-ге ...

Ж.Шанин ауылының байырғы тұрғыны Кәли ақсақал жасының ілгерілеп кеткеніне қарамастан өз замандастарының көбінен ширақтығы, сергектігімен ерекшеленетін. Оның мұнысын былайғы жұрт сүйегінің асылдығынан деп түсіндіруге тырысатын. Бұл да бар шығар. Сонымен қатар Кәли аға жас шағынан қыр дүлдүлі атанған жылқы түлігін өсіріп-өрбітуге атсалысқан кәнігі жылқышы болатын. Сарыарқаның апталап соғатын бет қаратпас қарлы бораны, тфу десен түкірігің жерге мұз болып қатып түсетін сақылдаған сары аязында, тандай кептірер пілде, тамыздың аптабында ат үстінен түспейтін жылқышы кәсібі- Кәлидің шынығып, шымыр болып өсуіне аз әсер етпеген болар. Меніңше Кәли ақсақалдың бойындағы қуат көзі-тынымсыз қимылдан бастау алатын сыңайлы.

Өзгесін былай қойғанда өмір оты өшіп, аз күнгі тірлік базарынан қайтпас сапарға бет алған ауылдастарын бейітке дейін үнемі жаяу шығарып, топырақ салатын. Оған шелектеп төккен жаңбыр да, қыр төсін қақыратып кетердей екпін мен соққан кара дауыл да кедергі бола алмайтын. Мұны көрген ауылдастарының кейбірі: - жарықтық жүзге

жақындаса да әлі тың. Елудегі бізден тың, - деп сұқтанатын.

Бір күні сол тұста шаруашылықта бас инженер болып қызмет істейтін Әміртай Баймағанбетов Кәли ақсақалдың үйіне – оның баласы Қабдолла Кәлиұлы Смағұловты іздеп келеді. Ақсақалға сәлем береді.

- Қабдолла қазір келеді, - деген соң ақсақалды әңгімеге тарғады. Сөз арасында «Ақсақал жасыңыз нешеде» деп сұрайды Әміртай.

- Құдай қаласа тоқсанның үшеуіндемін.

- Жақсы атпен бір-ақ жасап, жүзге жетуге тырысыңыз енді.

- Е, сол жүзінді кім білсін. Құдай жазса 97-ге жетуім айдан анық деген екен.

Кейіннен Кәли ақсақал 97-ге келіп өмірден озғанда жарықтықтың ленесі қабыл болған екен десті жұрт.

### Ақлиманың садағасы болсын деңіз...

... Кәли ақсақалдың қосағын жер қойнына тапсырып, ұлы Қабдолланың қолына қарап қалған кезі бұл. Келіні Ақлима сол ауылдағы Жексенбек қарияның қызы. Жастайынан кәрі әке-шешесін бағып, қаққан үлкендердің «күңкіл-шүңкіліне, ыңқыл-сыңқылына» қанық болып өсіп, кәрі көңілінің қалауын жан дүниесімен ұғатын оған ендігі жерде атасымен тіл табысып кету аса қиынға соқпаған сыңайлы.

Ақлиманың аяқ асты сырқаттанып, төсек тартып, ілешала қаладағы ірі дәрігерлердің алдын көріп, науқасынан айыға алмауы, ақсақалдың күдікшіл көңіліне кірбін ұялатқан. Сондай күндердің бірінде бұл үйге кіріп-шығушылардың саны еселеп артып, Қабдолланың бөлмесінде сыбыр-күбір көбейеді.

Көрші 1-Май ауылында тұратын қызы әдетте ара-тұра келе қалса от ала келгендей қайтуға асығатын. Оның да «орнап» жатып алғанына бірнеше күн өтіп барады. Қайтатын түрі жоқ сияқты.

Келіп, кетушілер, әсіресе қызының мұншалықты төркіндеуі қарттың көңіл күдігін арттырады. Қызынан: - Қарағым Ақлимадан не хабар, сөйлестіңдер ме, - деп сыр тартса :

- Тәуір көрінеді, - ден әрі аспайды.

- Ал, онда ана жақтағы сыбыр-күбір не? Бөлен күннен бері сен не күтіп жатырсың,- деп ақсақал турасына көшеді.

- Ойбай, әлі естіген жоқ па едіңіз ? Ана ұлын осындағы біреумен жағаласып қалыпты. Содан істері... заң орындарына...

Оның сөзін бөлген Кәли ақсақал «Е, тәйірі-ай, Құдайдың бергенін білмей мейманасы асып жүрген тантық немелерден не үміт, не қайыр. Ағаң алда-жалда істі бола қалса Ақлиманың садағасы болсын, қарағым. Тек Ақлима аман болса екен»-деп терең тыныс алған екен.

### «Шешесі далада күніреніп...»

Ертеректе Жанахмет ақсақалдың бәйбішесі Кәден «Қарақуыс» атты жерде біршама жыл қой күзетіпті. Бірде жиені Садық аннан олжалы оралады. Ол қолға түскен қасқырдың күшігін қораға жақын жерге байлап жатып :

- Нағашы апа, мынаған көзіңіздің қырын саларсыз. Өзім келіп азықтандырып тұрамын, деп аттанып кетеді. Қой қотанға иірілген соң Кәден күндегі әдетімен күзетке шығады. Түн ортасы ауа бере күшігін алдырған қасқырдың ауылды төңіректен ұлып жүрген дауысы естіледі. Сол сәт қора түбіне байланған күшік те адамның құйқа терісін

шымырлатардай әлде бір зарлы үнмен қынсылай жөнеледі. Мұны естігенде Кәден еріксіз селт етеді. Оның көз алдына бауыр еті баласынан айырылып аңыраған ана мен жастайынан шырылдап жетім қалған қызыл-шақа бала елестеп, жан дүниесін мұңлы да аянышты сезім билейді. Тіпті мөлт етіп жанарына жас үйіріледі. Сол жан толғанысы үстінде қасқырдың күшігін босатып жібереді. Ертеңгісінде Сәкең келіп.

- Нағашы апа-ау, қасқырдың күшігі қайда дегенде.

- Қарағым Садық, сен ренжіме, шешесі далада күніреніп, күшігі қотанда еңірегінде байғұстардың зарына шыдай алмадым, күшікті қоя бердім деген екен.

### «Мына ай Қаткен тұрған жерде туа ма екен»

Сол Кәденнің Қаткені Қарағандыда оқып жүреді. Жер шалғай, жиі қатынап тұратын көлік жоқ, содан Кәден апа баласын әбден сағынса керек. Бірде қой күзетуге шыққан абысын-ажындарына тас төбеде толықсып туған Айды көрсетіп.

- Апырай, мына ай Қаткен оқып жатқан жерде де туа ма екен, - депті сұраулы жүзбен.

### «Жанахмет бара бер, бара бер»

Ұзақ жылдар қатар өмір сүріп, ұлығатты ұрпақ өсірген Жанахмет ақсақал мен Кәден бәйбіше өз ортасының сыйлы, аяулы адамдары еді. Ажал шіркін біреуге ерте, біреуге кеш дегендей Жәкең дүниеден өтіп, ағайын, туысы, ел азаматтары ол кісіні ақырғы сапарға шығарып салуға жиналады.

Мәйітті үйден алып шыға бергенде бала-шағасы келін-келінігі улап-шулап жылай бастайды. Сонда Кәден апа орнынан көтеріліп.

-Жанахмет бара бер, бара бер, көп ұзамай артыннан мен де келіп қалармын деген екен.

### Атаңның басын аларсын

Қайырбектің Баянбегі мен Ералының Азаматы замандас, біршама сыйлас, сырлас, ең бастысы әзілдері жарасқан жандар. Ол кезде Азамат еңбегімен аты шыққан-шопандардың бірі. Жосалы жоны, Қызылтау қиясында актылы қой түлігін өз төлі есебінен өсіріп, өнім өндіруде өрісті ісімен өзгелерге өнеге болып тұрған тұсы. Ал Баянбек аудан орталығындағы ірі кәсіпорындардың бірінде бас есепші. Бір сөзбен қоныс-өрістері біршама шалғай. Содан да болар сирек ұшырасады. Сондай бір кездескенде Азекең:

- Құдайға шүкір, биыл төл тәуір болды. Оның үстіне совхоз директорының өзі келіп : «Азеке, кеудеңе атаңның басын тақтыртамын, тек ол үшін әр жүз саулықтан 120-дан қозы алу керек» деген соң, өзіме қарасты қой, ешкінің қозылағын, тайынша-торпақты салып айтқанын орындадым. Енді сол жыл қорытындысын күтіп жүрмін дейді... Осы әңгіме жылдан-жылға ұласа беріпті. Азекеңнің айтысына қарағанда бірде совхоз директорының өзі, бірде соның сәлемін жеткізуші совхоздың парткомы мен бас зоотехнигі жылма-жыл жарыс жеңімпазы атансаң, атаңның басын аласың деген желеумен Азекеңнің аз ғана меншік малын есепке алып, әбден титығына жетеді. Ақыры Азекең :

- Сендер біріннің аузына бірін түкіріп қойғандай төл алу аяқталып, есеп алар тұста маған атаңның басын аласың дейсіңдер...

- Ту-у, Азеке-ай, көбіне шыдадыңыз, азына шыдасаңызшы енді. Бесжылдықтың аяғында не көрмес екенсіз,-депті сөзін бөліп. Сөйткен бесжылдық та бітіп, Азекен атаусыз қалады.

Әділетсіздікке күйінген ол Баянбекке келіп мұның шағады.

- Әй, солар саған әу баста атанның басын аласың деді деп не ең ?

- Құдай куә, сөйдеген.

- Онда сөздерінде тұрған екен, - депті Баянбек мырс етіп.

### **Қызыл тасты жыртырып... жүгері екті**

- Өй, тоқтат, тоқтат деймін саған. Қап, мынаны-ай тіпті тыңдар емес. Астындағы атына қамшы басқан ол, жер жыртып бара жатқан трактордың алдын орай берген. Соқасының түрені жер тасқа іліккен трактор салдыр-гүлдір етіп, барып сөніп қалған. Сол сәт трактордан түскен үрпек бас сары жігітті бұл жазбай таныған.

- Өй, бұл сенбе едің?

Қыс бойы Әтейге бірде шөп, бірде жем әкеліп жүретін ол Жәке ағаңа жалпақтап сәлем,беріп жатыр.

- Мынауың не ей, - деп жыртылған жерді көрсетіп шүйліге бергені сол еді желке тұсынан әлде кімнің сәлем берген дауысы естілген. Жалт қараған ол қасында тұрған агрономды көрген.

- Әй, қарағым. Мынау білмесе білмейтін шығар. Сен осы далада туып, осында өскен жігіт емесің бе? Қып-қызыл тасты жыртырып жатқаныңа жол болсын.

Мұны үнсіз қабағын түйе тындаған агроном жігіт.

- Бұл жерде сіздің жұмысыңыз болмасын, партия айтты біз орындаймыз. Жоқ. Әлде сіз партияның тың игеру саясатына қарсысыз ба? - деген шақпийып.

- Қарағым, менікі мына қызыл тасқа егін өспейді, текке малдың өрісі бүлінеді дегенім ғой, өздерің білiндер, - деп Жәке ағаң атының басын кері бұрған.

...3-4 күн әуре болып соқанын бір талай түренін сындырып, майыстырған олар топырағынан гөрі қызыл тасы басым қырға ақыры жүгері тұқымын шаршы ұялап егіп, жергілікті партия ұйымының қатаң бақылауында тұрған шаруаны кезінде тындырып көңілдері орнына түскен еді.

Түскі тамақ үстінде тракторист жігіт:

- Сен өзiң маман ретiнде осы араға жүгері өсетiнiне сенесiнбе деп сұраған. Бұған таңдана қараған агроном:

- Сенесiң бе дейсiң бе? Сенi мен менiң оған сенген-сенбегенiмiз кiмге қажет. Ақтарған жұмысыңа сай алатын еңбек ақынды бiл.

- Ал сену, шешiм қабылдау, тiптi ойлау жағын көш басшымыз партияға, қала бердi бастықтарға қалдыр, бiлдiн бе, - деген бұған зiлдене зекiп.

...Ғасырлар бойы қиыршық қызыл тасына селеуден, жусаннан басқа шөп өспеген. Бозай жазығы әп-сәтте жоғарыдан келген нұсқауға сәйкес сол кездегі ел көсемі Хрущевтің сүйікті дақылы жүгері егетін егістік алқанқа айналып шыға келген. Бұл Бозай өңіріне салынған алғашқы және соңғы түрен еді. Жәке ақсақал айтса айтқандай жаңағы жер бірталай жылдар бойы мал өрісі болудан да қалған. Тың игеру жылдарында Бозай сияқты қаншама мал өрісі есепсіз жыртылып, істен шығып, эрозия көзіне айналды десеңізші.

## «Майбородаға да, жайбородаға да мектепті бере алмаймын»

Анау бір жылдары қазақ тілінің, қазақ мектептерінің басына қара бұлт үйіріліп, тағдыры қыл үстінде тұрған пағы еді бұл. Екібастұз қаласындағы № 2 қазақ орта мектебіне Зәбира Сматова директор болып тағайындалады.

Осы тұста қазақ орта мектебінің үйі әлде кімдердің көзінің құртын жеп, қызықтырғаны соншалық бірде Зәбира Сматованы қалалық оқу бөліміне, онан соң іле қалалық партия комитетіне шақырып:

- Сіздің мектепте бастауыш, жоғары сыныпта оқитын оғушылардың саны жылдан-жылға азайып барады, тіпті ашығын айтқанда жабылудың аз-ақ алдында тұрсыңдар. Сондықтан сіздер мектептеріңізді Майбородаға босатып бөліңіздер, оқу-өндірістік комбинаты ашылады, ал сіздерге осындағы орыс мектебінің бір қанатын бөліп береміз, - дегі. Сол сәт орыс мектебінің бір қанатына көшу қаладағы жаңғыз қазақ мектебінің шаңырағын ортасына түсіру екенін жан жүрегімен түсінген Зәбира Сматқызы келісімін бермейді. Енді қалалық партия комитетіндегілер бірінен соң бірі шақырып, партия комитетінің шешіміне бағынбайтын сен кімсің? Бүйте берсең ұйымдық мәселе қараймыз. Партиядан шығарамыз,- деп, қокан-лоқы жазайды.

Сонда Зәбира Сматқызы не істесеніздер де өздеріңіз біліңіздер. Ал мен мектепті Майбородаға да, жайбородаға да бере алмаймын. Оны ата-аналар шешсін, жиналыс шақырайық деген екен.

Көпшіліктің бұл шешіммен келіспесін сезді ме, жоқ әлде... Әйтеуір қалада № 2 қазақ мектебі сақталып қалды.

## «Әке болу оңай дейсін бе...»

...Қоныр күздің қыраулы қысқа ұласар тұсы. Қар аралас жаңбыр төпеп, төгіп тұр. Жарық әлдеқашан сөніп қалған. Тас қаранғы. Үйге қарай жедел аяндап, жүгіре басып келемін. Кенет көзім ерсілі-қарсылы теңселе басып, сүрініп-қабынып, әлдене деп былдырақтап келе жатқан әлдекімге түсе кеткені. Кім болды екен? Ішкіштердің бірі де. Байланысып жүрмесе жарар еді".

Жол жиегіндегі ойпаң жерге біршама су іркілген екен. Әлгі сол арадан өте беріп, тайып кетіп, шалшық суға етпетінен құлап түсті. Амалсыздан бұрылып, тұра алмай тыпырлап жатқан әлгіні көтеріп алдым. "Рахмет" деп былдырлаған одан қайда тұратынын сұрай бастадым. Ойым - жеткізіп тастамақпын.

Сол сәт әлгінің "сен мені шы-шы-ны-мен та-танымай тұ-тұр-сын ба? Мен Ер-Ертіс емеспін бе" дегені. Сен ке-ке-шір... Мен еп-еп-теп...

- Сенің мұндайың жоқ еді ғой. Ал ептегенін осы болса...

- Әй, үр-үр-ысан да, үр-үр -саң да өзін, біл. Тек әке болу о-оңай де-деймісің - деді даусы дірілдеп.

Сөйтсем, сол күні Ертіс пен Бакыттың, бірін әке, бірін шеше атандырған арыстай ұл өмір есігін ашқан екен.

"Күлген күле жетер, етегін түре жетер" дейді ғой дана халқымыз. Ертіске күлген жоқ едім. Дегенмен, әке болудың оңай еместігін "қысқа күнде қырық мойындайтын" кезіміз алда екенін кім білген.

## Игі жақсылардың ішіп-жемі

Мектепте бірге оқығандардың арасынан алғаш ат жалын тартып мініп, ел ісіне араласқан Ертіс еді. Совхоз комсомол комитетінің жетекшісі болып сайланған ол - комитет жұмысын бірден-ақ ұршықша үйіріп әкетті. Өртүрлі мәдени-спорттық шараларды іскерлікпен ұйымдастырып, кештер мен мәжілістердің ажарын ашып, әрлендіріп жіберетін.

Сол Ертіс бірде қойлы ауылда жұмыс істеп жүрген маған "тез жетсін" деп хабар айтыпты. Келсем Ертіс орнында екен. Онаша қалғанда "бүгін игі жақсылар бас қосатын ек соған қатыс", - деді.

- Игі жақсыларың кім? Басқа жақтан біреулер келе ме?

- Жоқ, Кәкіма, Мәдина, Қарлығаш, Баян, Айтжамал, Үміт, Жәніс, Күләш, Мұрат, Балтабай, Қабыкеш, Тілеубек тағы басқалары.

- Әй, бұларың өзіміздің қыздар мен жігітер ғой.

- Болса ше? Сен олардың "игі жақсы" екеніне шүбәлісің бе?

- Ойбай-ау, ол не дегенің... Мұғалім, сатушы, есепші, кітапханашы қыздарды "игі жақсы" емес деп табан астында тіл тартпай кетейін бе? Әйтсе де, қой соңында салпақтап жүрген мені сол "игі жақсылардың," қатарына қосуың сәлпәл артық емес пе?

- Ту, сен де жоқ жерде сызыла қалады екенсің,

- Жә, қаншадан жинап жатырсындар?

- Нені, қайда?

- ?

- Ә, түсіндім. Игі жақсылардың бұл жолғы ішіп-жемі комсомолдың есебінен. Содан кейінгі жерде "игі жақсылардың" бұл сияқты бас қосулары жиі өтіп тұрды.

Сондай бас қосулардың бірінде Ертіс екеуміздің ортақ досымыз Мұрат (Мөкеш) өзінің айтуынша, "айды аспанға шығарып", ессіз құлай сүйген мәңгілік махаббаты - Күләш Сейфоллақызын алып қашты. Тек... Күләш сырлы да, мұңлы мына жарық дүниеде көп аялдай алмады. Артында сүйген жары - Мұрат, бала-шағалары қалды. Бұл күнде Күләштан қалған балалар өсіп, ержеткен. Көбі үйлі-баранды.

Ал бізді өзі қатарлы ауыл жастарын аз-кемсіз игі жақсы атандырып, комсомол есебінен кеш ұйымдастыратын Ертіс қазір Қарағанды облысында тұрады.

Ара-тұра жалынды жастық шақты, достарды сағынышпен еске аламын. Ертістің "игі жақсылардың ішіп-жемі" деген сөзі ойға оралады.

Бізден гөрі "үлкен үйдің" есігін ертерек ашқан сұңғыла досым сол кезде билік басында отырған шынтуайтындағы ірілі-кішілі "игі жақсылардың" ішіп-жемі қазына есебінен бола бастағанын жазбай таныған екен-ау.

Тек "игі жақсы" атанған обырлардың "ішіп-жемі" түбі Одақты орға жығарын ол қайдан білсін.

### **Ойбай ... кешегі кешені...**

- Бүгін суға Кәкеша Қабылдин екеуің барасындар. Құдық мына жақта, ауылдың шетінде, ойнап жүріп алмай, тез қайтындар. Интернат менгерушісі Рахметолла Үрпеков мұнан әрі әдетінше «ұқтындар ма» деп пысықтаған.

- Ұқтық.

- Онда барындар.

Таспен шегенделген қара құдықтан су ала берген тұста:

- Сендер дәу де болса интернаттың боздақтары боларсындар, - деген әлдекімнің әжуалы күлкісі естілген.

Дауыс шыққан жаққа жалт қарасқан біздер сәл әріректе тұрған өзіміз қатарлы баланы көрген едік.

- Нешінші класта оқисындар ?

- Бесінші.

- Е, е. Ал сол бесінші класка неміс тілі жүретіні рас па ?

- Рас.

- Одан сабақты кім береді ?

- Мариям Жүсіпова.

- Ол өзі жанда жоқ, қатал адам дейді ғой.

- Е, онысын біз қайдан білейік. Сабақ күні кеше ғана басталды ғой.

- Математикадан сабақ беретін Зайда Жанкина, тарихшы Ғабсагтар Сарбасовтардың\* да оңып тұрған жерлері шамалы болса керек, қатал. Екі қоюдан көз ашпайды деп естідім.

- Біз ол кісілерді нансаң әлі көрген де жоқпыз.

- Ту, мен сендерді адам деп жөн сұрап, сөз шығындап тұрсам. Бесіктен белі шықпаған, сары ауыз балапан екенсіңдер ғой.

- Өй, өзін, кімсің, - деп сұрады Кәкеша түсін суыттың.

- Мен бе, мен Серікпін. Мына құдықтың иесі Жүніс ақсақалдың үйінде тұрамын.

- Нешінші класта оқисың ?

Ол жауап бермей жылыстай жөнелді.

- Қап, мынанын ызасын-ай...

Қоңырау соғылып, екінші сабақ басталған тұста, есік ашылып кешегі құдық басында кезіккен бала ішке еніп келе жатты.

- Ойбай, кешегі кешені қара, - деп Кәкеша маған сыбыр етті.

Сыртынан Кәкеша екеуміз «кеше» атандырған сол Серік Әуелбайұлы жетінші сыныпты бізбен бірге бітірді. Алғыр, ақылды жігіт болып өсті. Облысты әнімен

тамсандырған осы күнгі тілмен айтсақ ауылдың ән жұлдызы Әбайылданын Үмітіне үйленді. Мұны бір деңіз.

Екіншіден өзгелер сияқты оқуын оқып «көзінің майын» тауыспай-ақ анау Кеңес кезінде бірер жыл Ж.Шанин атындағы шаруашылықтың бір бөлімшесін басқарып, «жатқызып, тұрғызды». Қазірде шаруа қожалығын (өзінің) дөңгелетіп отыр.

Ал бұл кеше түгілі кезкелген «данышпанның» қолынан келер іс пе?

### «Хақ мұсылман сияқты еді»

Сапабектің Салығы өмір мен өлім белдескен майдан даласынан елге қайтып келе жатып жолай сол кезде еңбек армиясының қатарында қызмет етіп жүрген туысы Бәбидің Ашуына соғып, оның бастықтарымен ортақ тіл тауып босаттырып алады. Екеуі елге қайтпак болып вокзал басына келеді. Билет сатып алған соң Сәкең қолындағы біраз жүгін Ашуға қалдырып, өзі тығыз шаруамен шығып кетеді. Кетерінде осы жерден табан аудармаңыз, мына жүктерге абай болыңыз, мен қазір келемін, деп, қатты тапсырады.

Әлден соң Ашағанның жанына ұршықша үйірілген бір жігіт үйірсектей кетеді. Әлгі пәтшағардың екі сөзінің бірі «Алла». «Алла жар болып» екен. Сөйтіп аға, дейді ол, Ашекеңнің жөнін әбден біліп алған соң Алла жар болып ініңіз майдан даласынан, өзіңіз еңбек армиясынан аман-есен қайтқалы тұрсыздар. Бұл да болса Алланың жарылғағаны ғой. Сол-ақ екен Ашекең әлгінің сөзіне біртүрлі елжіреп, ет жүрегі езіліп сала берді. Жанынан орын ұсынып, кенесті онан әрі қыздыра жөнелді. Талайларды алдап, арбап, сырдың суынан сыңараяқ өткен қуға аңқау жанның сеніміне кіруден асқан артық сыйдың қажеті не, оның үстіне Ашекең елегізіп, апырай, әлгі Салық

қайда жүр карағым, поезд жүретін уақыт та жақындап қалды, - деп тықырши бастайды. Сол сәт ана қу :

- Аға, ініңіз бәлкім сізді поездың жанында күтіп тұрған шығар, жүріңіз, мен алып барайын деп жүкті қолына алып Ашағанның алдына түсе беріпті.

Есіктен бірі сыртқа шығып, бірі ішке кіріп сендей соқтығысып жатқан қалың жұрттың арасына кірген сәтте-ақ Ашағаң әлгіден көз жазып қалады. Далаға шыққан жерде аңырып жан-жағына қарап әлгіні іздей бастайды. Ізім-қайым жоқ. Сөйтіп тұрғанда Сәкең келеді.

- Ашаға-ау орныңыздан қозғалма дегенім қайда десе анау :

- Ойбай-ау, оған әлгі бір иманжүзді жігіт жанымды қойды ма. Жүгімді көтеріп ағалап алдыма түсті емес пе. Тек содан көз жазып қалып тұрғаным, депті ерсілі-қарсылы өтіп жатқан жұртқа көз сала тұрып. Жағдайды бірден ұққан Сәкең :

- Қап, жүктен айрылдык десенізші. Жүріңіз енді поездан қалып қоярмыз.

- Ой, карағым, Салық. Біреуді орынсыз күстәнәлауға бола ма. Хак мұсылман сияқты еді, келіп қалар күте тұрайықшы деген екен.

## Қазақы тәсіл

Аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі – нұсқаушы Мәліктің Әйтiшiне қолындағы оқушы дәптерiнiң оншақты парағына жазылған қалың арызды ұсына тұрып, «Мұны тексеретiн топқа сен басшылық етесiң - бұл бiр, екiншiден арыз бiрiншi хатшының айрықша бақылауында тұр, - деп ескерткен, - арызбен жақсылап таныс».

Әйтiш арызды әрiптестерiне көрсетiп кеңес сұраған, олар:

... - Бұл белгілі арызқойдың жазғаны, - деуден әрі аса алмаған.

- Жазғандарында шындық бар ма деп сұраған бұл. Аналар бір-бірлеріне жалтақтап, жарытып жауап бермеген. Тек онаша қалған сәтте өзімен тонның ішкі бауындай араласып жүргендердің бірі «Анада осы пәле «колхоз бастығы жесір әйелмен көңілдес, отбасының ойранын шығарып болды» деп арызданған арызды мен тексердім. Осы рас па? Деген сауалыма жесір әйел: «Рас болса, рас шығар солай деп жазып отыр ғой, түптеп келгенде бастық-қайным, онымен ойнап-күліп қойсам, он екі де бір гүлі ашылмаған оң жақтағы қыз емеспін, жесір әйелмін. Соған бола соншама жерден ат терлетіп, келгеніңізге таңмын, - деп аяғына отырғызбады. Ал бастықтың әйелі: «күйеуімнің бұл әйелмен көңілдес екенін сізден естіп отырмын» - демесі бар емес пе? Бұл әңгіме елден-елге тарап, әбден масқара болғаным бар. Бұл жолы «мектеп директоры оқушы қызға құтырылған бұқадай, қанды көзін қадап, торына түсірмек», - деп көңірсітіпті ғой.

- Тұқымдық бидайды аңызға сеппей бригадир мен бастық бөліп алды. Күш көлігі шығынға ұшырады дегені де... күмәнді сияқты дегенмен жан-жақты тексеруге тырыс, - деді ол.

- Ертеңгісінде арызды тексеруге аудан орталығынан бір топ адам аттанды. Ауылға жақындағанда Әйтпеш сапарлас жолдастарын іркіп.

- Бәріміз бір үйге - арызқойдың үйіне түсеміз қарт ойнауға да, арақ-шарап ішуге де әзір болындар, - деп нығарлаған. Бұларды арызқой көңілді қарсы алған, қойын сойып, қолын қусырып лыпып жүр. Әр кимылынан «бұлар менің сөзімді сөйлемегенде кімнің сөзін сөйлер дерсің. Асымды ішіп, аяғымды теппес» деген есек дәме мен мұңдалап - ақ тұр. Тек қонақтары арақ-шарапты суша сіміріп, түн ішінде дүкеншінің дүкенін екі-үш рет

аштыртуға мәжбүр еткен. Онсыз да жұқа қалтасы қақырап қалған, мұны да қойшы әлгі мектеп директоры көзін сүзіп жүр деген оқушы қызы құрғыр бұдан 5-6 ай бұрын тұрмысқа шығып кетіпті. Басқа фактілер де расталмады. Кенседен ініне су төгілген тышқандай сүмірейіп шыққан .

- Аттанарда топ жетекшісі Әйтiш мұның әйелiне алғысын айта тұрып «Женгей, аға аман болып, сия қарындашы қолынан түспесе, әлі де сан жолығармыз сау тұрыңыз» - деген. Сол сәт арызқойдың өңі бұзылып, жылап жіберуге шақ түр еді. Мұның есіне осы таяуда ғана жоғары жаққа жазып жіберген арызы түскен.

Әйтiштi оңашалап... мен орталық комитетке - ...бүйтiп, түртiп..., соған келiп әуре болмай-ақ өтiрiк екен деп... жауап жазып.

- Сiз өйтiп, буынсыз жерге пышақ ұрмаңыз, келемiз, тексеремiз.

- Тiптi болмаса... елдi ертпей өзiң жеке келсең.

- Онанда осы жазуы бар болғырды тоқтатпайсыз ба?

Анау кинала қынжыла тұрып: «сойтуге тура келедi» - десе керек.

Екеуi қол алысып тiл табысыпты, осы жайды әлде кiмнен құлағы шалған iнiлерiнiң бiрi Әйтағанды арызқойдың үйiне түсулерiнiздiң өзi ол заман үшiн ерлiк қой деп мақтай жөнелмек болғанда

Әйтаған: «бұл-бар болғаны қазақтың ығыр ету тәсiлi қой» деген екен жәйiмен.

\* Зайда Жанкина , Ғабсаттар Сарбасов, Мәтай Айтiмова, Ғалымжан Қышпақпаев, Мәриям Жүсiпова, Қабдалла Смағұлов т.б. Өз мамандықтарын шебер меңгерген жандар едi. Бiздiң сүйiктi – ұстаздарымыз.

## МАЗМҰНЫ

<b>Ақын мінажаты</b>	1
<b>Құдіреті күшті бір алла</b>	
Өліп, тірілген ... кемпір	3
Қарғыс	7
Төбелес	10
Қара аққу	13
Лекер қажы	15
Ән-дәру, әнші – емші ме?	16
От күйын	21
<b>Сопылық жырлар (уағыз)</b>	
Тәңірге тағат	23
Тозақы адамдар	24
Алланың үйі	26
Сәулелі ойың	27
Сол Анайды...	28
Шыбын жан	30
Қонағасы. Немесе құдағидың әңгімесі	31
<b>Арнау</b>	
Баянбек Қайырбекұлына	34
Өмірзақ Жәкеұлына	35
Молда ( <i>Қабиден Әлменбайұлына</i> )	36
Досқа сыр ( <i>Балтабай Әлкенұлы Әлкеновке</i> )	37
Тұлға ( <i>Хабдыжолел Бархинұлы Мағзұмовқа</i> )	38
Ардақ тұтам мен сені ( <i>Арман Қаниға</i> )	39
Бибіғайша Шәймерден келініне	40
Бақыл бол ( <i>Аманкелді Хасенұлына</i> )	41
Жақпар, жақпар тастарда сұлулық бар ( <i>Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметовке</i> )	42

<b>Сақалымда май жоқ па</b>	
«Сақалымда ... май жоқ па?»	46
«Өмірбектің аузы желді көрік қой»	47
«Өмірханский өтеш... өле ме»	47
«Ойының адал»	48
«Бұдан да бір қайыр»	49
«Күлпәт жылда жиырма бесте»	51
«Үстірт бітірген спирт»	51
Диуанадан жыны басым ба, қалай...	52
“Қызметің құтты болсын... пұшық шалым!”	53
«Кұдай сақтап...»	54
«Көк бұқаға да, үкіметке де...»	54
«Астауларыңды алмай түскендерің не»	55
«Қызыл қуып... ақ қашқан»	56
«Текті тентек»	56
«Тәйірі, молда еріге береді»	57
«Өгіз жеккен Қинаят...»	58
Жүзінді кім білсін... 97-ге ...	59
Ақлиманың садағасы болсын деңіз...	60
«Шешесі далада күңіреніп...»	61
«Мына ай Қаткен тұрған жерде туа ма екен»	62
«Жанахмет бара бер, бара бер»	62
Атанның басын аларсың	63
Қызыл тасты жырттырып... жүгері екті	64
Майбородаға да, жайбородаға да мектепті бере алмаймын»	66
«Әке болу оңай дейсін бе...»	67
Игі жақсылардың ішіп-жемі	68
Ойбай ... кешегі кешені...	69
«Хақ мұсылман сияқты еді»	71
Қазақы тәсіл	72

515653

Қаз-4Пав)Қаз7

Балдырған е.

№ 624-00

Басуға қол қойылған күні 31.08.2004 ж.  
Пішімі 60X84/16 Баспаханалық қағаз  
Шартты баспа табағы 4,65  
Есептік баспа табағы 3,6  
Таралымы 100 дана . Тапсырыс № 513

---

Павлодар ФМБО-ның кәсіпорны  
637000 Павлодар қ-сы, Лермонтов к-сі, 91

---

